



21 қыркүйек, бейсенбі 2023 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

www.facebook.com/syrboyi.kz/

www.instagram.com/syrboyi_kz

https://twitter.com/syrboyi

t.me/syrboyi_kz

ПРЕЗИДЕНТ

«ДИАЛОГ – ҚОЛАЙЛЫ ОРТА ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ЖАЛҒЫЗ ЖОЛЫ»



Президент Қасым-Жомарт Тоқаев БҰҰ Бас Ассамблеясының 78-сессиясы аясындағы Жалпы дебатта сөз сөйледі. Ең биік халықаралық мінберде сөз алған Қазақстан Президенті адамзат баласы бұрын-соңды басынан өткермеген аса үлкен сын-қатерлермен бетпе-бет келіп отырғанын және геосаяси қақтығыстардың жаңа кезеңіне өткенін мәлімдеді.

– Бұған БҰҰ Жарғысындағы халықаралық құқықтың негізгі принциптерінің бір мәзетке бұзылуы себеп болып отыр. Құқықтық теміржолдың жойылуы қазіргі халықаралық қатынастар жүйесіне уақыт өткен сайын ауыртпалық түсіріп, түрлі қарама-қайшылық тудырады. Басты халықаралық құқықтық құжаттардың тәртібін сақтамау, тоқтатып қою және оны тәрк ету тәжірибесі – өте алаңдатарлық жағдай. Өйткені мұның соңы адамзаттың араздығына әкелуі мүмкін. Бұл жағдай сауда жүйесін бұзады, экономиканың өзегі саналатын тасымал тізбегін әлсіретеді, сондай-ақ азық-түлік қауіпсіздігіне зардабын тигізіп, инфляцияның қарқынын күшейтеді. Қазіргі қалыптасқан кері үдеріс адамдардың қайғысын қалыңдата түседі. Әлемде 108 миллион адам мәжбүрлі түрде босқынға айналды, 1 миллиардтан астам адам кедейлікте өмір сүріп жатыр, 2 миллиард адам негізгі дәрі-дәрмектерге қол жеткізе алмай отыр. Ақыр

соңында адамзат болашақта әлемнің тұрақты дамуына сенімін жоғалтуы ықтимал. Өскең ұрпақ өздеріне мұра болып қалатын әлемнің енді жақсаратынына сенбейді. Сондықтан Қазақстан БҰҰ Жарғысының қағидаттарына өзінің мызғымас адал екенін тағы бір рет мәлімдейді, – деді Президент. Мемлекет басшысының айтуынша, БҰҰ Бас Ассамблеясына жиналған көшбасшылар адамзаттың тағдыры мен болашағына жауапты. – Диалог – жаңа принциптер мен нормалар бойынша келісімге қол жеткізуге мүмкіндік беріп, қолайлы орта қалыптастырудың жалғыз жолы. Қабылданып жатқан барлық шешімге қарамастан, әлемнің көптеген аймағында қақтығыстар жалғасып жатыр. Біз барлық тарапты БҰҰ Жарғысы мен халықаралық құқықтың жалпыға бірдей нормаларын негізге ала отырып, қақтығыстарды реттеудің дипломатиялық жолын іздеуге шақырамыз. Осы орайда Қазақстан Украина дағдарысын саяси

реттеуді қолдайтын түрлі мемлекеттер мен елдер топтары ұсынған барлық бастамалар мен жоспарларды жоғары бағалайды. Халықаралық дауларды шешуде әрқашан дипломатия мен диалог басшылыққа алынуы керек. Сондықтан біз қазіргі жаһандық институттардың жалғыз жүйесін тұрақтандыруға барынша күш салуымыз қажет, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев. Сонымен қатар Мемлекет басшысы Қауіпсіздік Кеңесіне жан-жақты реформа жасамай, бұл қиындықтар еңсерілмейтінін мәлімдеді. – Кеңесте «орта державалардың» және барлық дамушы елдердің үні күшейетініне, анық естілетініне көміл сенемін. Байқауымызша, Қауіпсіздік Кеңесі тығырықтан шыға алмайтын сияқты. Сондықтан бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтауда маңызды рөл атқара алуы үшін оның құрамында басқа елдер, соның ішінде Қазақстан да болуы керек. Біздің өңірде Ұйымға мүше мемлекеттердің ықпалдастығының жандануы Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңесті құрлықтағы делдалдық пен бітімгершілікке үлес қосуға қабілетті толыққанды халықаралық ұйымға айналдыруда оң ықпал етті. Қазақстан Шанхай ынтымақтастық ұйымының қазіргі төрағасы ретінде Әділетті әлем мен келісімді жақтайтын дүниежүзілік бірлік туралы бастама көтерді. Біз сіздерді осы игі іске қосылуға шақырамыз. Бұл – жаңа қауіпсіздік парадигмасын, әділ экономикалық ортаны және таза планетаны қамтитын бастама. Жаһандық Оңтүстік пен жаһандық Солтүстік арасында ашық диалог орнату – оның негізгі арқауы, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, адамзат бетпе-бет келген барлық сын-қатерлердің ішінде ядролық қаруды қолдану қаупі ең жойқын болуы мүмкін. 30 жыл бұрын Қазақстан Кеңес өкіметінен мұраға қалған төртінші ядролық арсеналынан өз еркімен бас тартты.

– Сондықтан ядролық күн тәртібінің логикасын қайта қарау керек. Ядролық державалар арасында ядролық қарудан ада әлем қуру жолында өзара сенім мен ынтымақтастық болғанда ғана жаһандық тұрақтылықты қамтамасыз ете аламыз. Осыған байланысты Қазақстан Ядролық қаруға тыйым салу туралы шартты қатаң сақтайтынын мәлімдейді. Біз қарусыздану және қаруды таратпау саласы бойынша жаңа тетіктерді дамытуды қолдаймыз. 2045 жылға қарай ядролық қарудан толық бас тартудың стратегиялық жоспары қазіргі көшбасшылардың жаһандық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қосқан ең маңызды үлесі болуы мүмкін, – деді Қазақстан Президенті.

2-бет

ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

Сейсенбіде ҚР Премьер-министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында егін жинау науқаны, жаңа «Бюджет кодексі» жобасы, алдағы жылу беру маусымына дайындық барысы талқыланды.

Сб Айнұр БАТТАЛОВА, «Сыр бойы»

ТЫҢҒЫЛЫҚТЫ ДАЙЫНДЫҚ КЕРЕК

Үкімет отырысынан кейін облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев арнайы мәжіліс өткізіп, күршіт жауын-шашынға қалдырмай, уақытылы жинап алуды тапсырды.

– Өңірде биыл вегетация кезінде су тапшылығы қатты сезіліп, диқандарымызға оңай болмады. Дегенмен жан-жақты қолдаудың арқасында су тапшылығының алдын алу шаралары қабылданды. Бүгінгі күні күршіт ору, бастыру жұмыстары кестеге сай жүргізілуде. Егістің 29,6 пайызы орылса, оның 70,4 пайызы бастырылды. Орта өнім 46,8 центнерден келуде. Егін жинау жұмыстары жоспар бойынша қазан айының 10-на дейін аяқталуы керек. Күршіт жауын-шашынға қалдырмай, күшейтілген режимде жұмыс жасап, уақытылы жинап алуымыз қажет, – деді облыс әкімі.

Сондай-ақ, шаруа қожалықтарын жанар-жағармаймен қамтамасыз ету, егістікке алынған су төлемінің уақытылы төленуін қамтамасыз етуді ескертті. Қала, аудан әкімдіктері алдағы жылы егілетін дақылдардың егіс көлемі сызбасын, су үнемдеу технологияларын пайдалану арқылы егілетін егін көлемін тиісті құжаттарымен бірге осы жылдың 1 желтоқсанына дейін облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасына ұсынуы қажет.

– Жанар-жағармай мәселесіне келетін болсақ, аймаққа Үкімет тарапынан күзгі егін жинауға және мал азығын дайындауға арзандатылған дизель отыны бөлінген. Шаруашылықтар вегетация кезеңінде сусыз қалмасын деп, Үкіметпен, тиісті министрлікпен үлкен жұмыстар жүргізілді. Бүгінгі шаруа қожалықтарының «ҚазСуШар» мекемесінің облыстық филиалына қарызы қалыптасқан, – деді аймақ басшысы.

Нұрлыбек Машбекұлы екінші мәселе – жаңа «Бюджет кодексі» жобасына қатысты бағдарлама әкімшілеріне, қала және аудан әкімдіктеріне 2024–2026 жылдарға арналған бюджетті жоспарлау кезінде нәтижеге бағытталған бюджет жүйесін қалыптастыруға мән беруі керектігін қаперге салды.

2-бет

ҚОЛДАУ

ЖЕҢІЛДЕТІЛГЕН НЕСИЕ — ЖАСТАРҒА МҮМКІНДІК

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауында жастарға жеңілдетілген тәртіппен жылдық өсімі 2,5 пайыз шағын несие берілетінін айтқан болатын. Жастардың кәсіпкерлік бастамаларын қолдау мақсатындағы несиені беру үшін биылға 1 млрд 285 млн теңге қаржы қаралған. Пайыздық мөлшерлемесі өте төмен несиені жыл басынан бері 257 адам алған.



Облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Ғабит Жаңабаевтың айтуынша, біздің аймақ қаржыны игеруде республика бойынша ең ірі Алматы, Астана қалалары мен Түркістан облысынан кейін өңірлер арасында алдыңғы орында тұр. – Аталған қаржы мамыр-шілде

айлары аралығында толық игерілді. Кәсіп бастауға ниетті жастардың сұранысына байланысты Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінен 200 үміткерге тағы 1 млрд теңге қосымша қаржы бөлінді. Нақты кезеңде «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ облыстық филиалы арқылы жеңілдетілген несие

берілуде, – дейді басқарма басшысы.

Оның айтуынша, қазіргі уақытта 275 жас кәсіпкер 1 млрд 262 млн теңге көлемінде бизнес жобаларды іріктеу жөніндегі комиссияның оң қорытындысын алып, құжаттары «Аграрлық несие корпорациясы» филиалына жолданған.

Айта кетейік, ережеге сәйкес бағдарламаға 21-35 жас аралығындағы жастар қатыса алады. Егер үміткер жеке кәсіпкер болса, кәсібінің тіркелген уақыты 5 жылға дейін болуы тиіс. Жастар несие алу үшін тиісті құжаттарын несиелендірудің сенімді өкілі ретінде танылған «Аграрлық несие корпорациясы» облыстық филиалына тапсырады.

Микрокредит мерзімі – 5 жыл, ал мал шаруашылығы саласындағы жобалар үшін 7 жыл. Несиенің ең жоғары сомасы – 5 миллион теңгеге дейін. Сондай-ақ, несие кепілдікпен қамтылуы керек. Кепілге жылжитын және жылжымайтын мүлік жарайды. Ал негізгі борыш пен сыйақыны өтеу бойынша жеңілдік кезеңі микрокредит беру мерзімі ұзақтығының үштен бірінен аспайды. Бастысы, несие беру алдағы жылы да жалғасады.

«СБ» ақпарат

БАСҚОСУ

АСТАНАДА МЕДИА АПТАЛЫҚ БАСТАЛДЫ

Кеше елорданың «Қазмедиа орталығында» 20-22 қыркүйекке жоспарланған VII Astana Media Week 2023: «Media power: тенденциялар, өзгерістер, этика» тақырыбында қазақстандық медиа апталығы ашылды. Апталықтың салтанатты ашылуына отандық медианың топ менеджерлері, телеарна басшылары, ақпарат саласының үздіктері, сарапшылар, аймақ журналистері, баспасөз хатшылары, өңірлік коммуникация мамандары, сондай-ақ Түркия, Қырғызстан, Өзбекстан, Жапония, Корея, Өзгербайжан, Ресей елдерінен арнайы шақырылған танымал журналистер мен продюсерлер қатысты. Барлығы жүзден астам маман жиналды.

6-бет

МӘДЕНИЕТ: ЖЫР-ӘННІҢ ЕЛІ, ТҰРАННЫҢ ТӨРІ

Қоғам дамуының басты сипатының бірі – мәдениет. Төл тарихымызбен астасып жатқан ұлттық мәдениетіміздің мейегі Сыр топырағында саф күйінде сақталған десек, қателеспейміз. Ортағасырлық Жанкент, Сығанақ қалалары сол дәуірдегі қазақ өркениетінің алтын қазығы болған. Бүгінде «Жыр-әннің елі, Тұранның төрі» деп ақындар жыраға қосқандай, Тұран даласының абызы Қорқыт баба мәңгі қоныстанған тарихи өлке. Одан беріде Балқы Базар, Тұрмағамбет, Дүр Оңғар, Нұртуған, Нартай, Жиенбай, Сәрсенбай жырау сынды саңлақтардың ғибратты мұрасы ұрпақтан-ұрпаққа ұласқан ұланғайыр мекен.

Сб Ғазиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы»

3-бет



«ДИАЛОГ – ҚОЛАЙЛЫ ОРТА ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ЖАЛҒЫЗ ЖОЛЫ»

Мемлекет басшысы COVID-19 пандемиясының ауыр салдары болашақ биологиялық қауіп-қатерлер алдында дәрменсіз екенімізді көрсетіп бергеніне назар аударды. Осыған байланысты Қазақстан Ассамблеяның Бас хатшысы мен Төрағасына Биологиялық қауіпсіздік жөніндегі халықаралық агенттік құру процесін бастау туралы үндеу тастады.

– Біз Бас хатшы ұсынған «Бейбітшіліктің жана күн тәртібін» қолдаймыз. Бұл стратегиялық құжат әлемде белең алған сенімсіздік пен өшпенділікке қарсы тұруы керек. Қазақстан келесі жылы өтетін Болашақ саммитінде Болашақ пактісін қабылдау ісінде қолдаушы рөлін атқарады. Бірақ қару-жараққа тыйым салумен немесе декларацияға қол қоюмен ғана бейбітшілік орнамайды. Бейбітшілік мәдениетін қалыптастыруда дінаралық және конфессияаралық диалог аса маңызды. Жуырда қасиетті кітаптарға құрметсіздік таныту актілері болды. Біз осы жағдайға алаңдаушылық білдіреміз. Исламға және басқа да діндерге қатысты жасалған мұндай тағылық әрекеттерден еркіндіктің, сөз бостандығының және демократияның нышаны білінбейді. Құран секілді қасиетті кітаптардың бәрі вандализмнің құқықтық тұрғыда қорғалуға тиіс. Түптеп келгенде, бейбітшілік мәдениеті тек «бірлігіміз – әралуандығымызда» және өзара құрмет қағидастарына негізделі алады. Сондықтан мен Астанада өтетін Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары съезінің елеулі ролін мақтан тұтамын, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше, Қазақстан – өзінің ұлттық мүддесін көздей отырып, өзекті халықаралық мәселелерді шешудің үнемі бейбіт жолын іздейтін мемлекет.

– Тәуелсіздік, аумақтық тұтастық және егемендік – мұның бәрі халқымыз қазір де, келешекте де басылыққа алатын мызғымас қағидалар. Біз барлық стратегиялық мәселе бойынша негізгі одақтастарымызбен қарым-қатынасымызды жалғастыра береміз, – деді Мемлекет басшысы.

Президент даму құқығын қамтамасыз ете отырып, жаһанды өзекті мәселелерді шешуге ықпал ететін жаңа бағамдар керек екенін атап өтті.

– Ол үшін Дүниежүзілік сауда ұйымының қағидастары мен ережелеріне негізделген ашық, анық әрі инклюзивті көпжақты сауда жүйесі қажет. Сонымен қатар бізге жаһандық азық-түлік қауіпсіздігінің анағұрлым мінсіз жүйесін құруды ойластырған жөн. Былтыр дүниежүзі халқының 10 пайызға жуығы ашытқыпен бетпе-бет келді. Әндік көлемін және азық-түлік тауарларының экспорты мен импортын қоса алғанда, азық-түлік қауіпсіздігі жөніндегі ақпаратпен еркін алмасу ісін жандандыру қажет. Біз халықаралық қауымдастықтың азық-түлік дағдарыстарына төтеп беру шараларын қаржыландыруына ашық мониторинг жүргізуді бірлесіп қамтамасыз етуіміз керек. Қазақстан азық-түлік жеткізуші аймақтық хаққа айналуда дайн. Ол үшін бізде барлық қажетті ресурстар, инфрақұрылым және логистика бар. Еліміз қазірдің өзінде Еуропа мен Азия арасындағы құрылықтық жүк тасымалының 80 пайызға жуығы өтетін сенімді бағыт саналады. «Орта дәліз» аталатын Транскаспий халықаралық көлік бағдары Шығыс пен Батыс арасындағы өзара қатынастарды едәуір нығайта алады. Бұл көлік бағдары маңызды нарықтар арасындағы сауда қарқынын ұлғайтып, теңіз жолымен жүк тасымалдауға кететін уақытты екі есеге жуық қысқартуға мүмкіндік береді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы климаттың өзгеруімен күрес жөніндегі мәселеге баса мән берді.

– 2030 жылға қарай жаһандық температураның 1,5 градуска көтерілуін шектей алғанның өзінде, Орталық Азиядағы температура 2,-2,5 градуска дейін көтерілуімен бетпе-бет келеміз. Климат жөніндегі Париж келісімі аясында ауқымды жұмыс атқарылғанына қарамастан, біз барлығымыз көміртегісіз келешекке ұмтылысымыздан айнымауымыз қажет. Климат мәселесін сауда және инвестициялық ынтымақтастықты шектейтін шаралар үшін пайдаланбау керек. Керісінше, біз БҰҰ айқындаған Климат өзгерісімен күрес жөніндегі оқ шаралар сияқты нәтижелі өзгерістерге баса мән беруге тиіспіз. Мұнда «жасыл» экономикаға негізделген жұмыс орындарын ашуға инвестиция құю, қазба отындарын пайдалануды субсидиялауды тоқтату және климаттағы өзгеріске қарсы күрес әрекеттерінің барлық деңгейінде әділеттілікті, инклюзивтілікті және әйелдердің қатысуын қамтамасыз ету шаралары қамтылады. Алайда тиісті қаржыландыру болмаса, климаттың өзгеруімен күрес жөніндегі ауқымды жоспар жүзеге асырылмайды, – деді Президент.

Қазақстан тарапы Әділетті энергетикалық жүйеге көшу бағдарламасын (Just Energy Transition Partnership) іске қосуды ұсынды. Мемлекет басшысы көмірді пайдаланудан кезек-кезеңімен, орнықты және әлеуметтік жауапкершілікті ескере отырып бас тарту климаттың өзгеруіне қарсы күреске арналған жаһандық мақсаттарға жетуді едәуір ілгерілететінін жеткізді.

– Алматыда Орталық Азия үшін климат өзгерісі мен жасыл энергетика бойынша Жобалық кенес ашу жөніндегі Қазақстанның бастамасы осы мәселелерді шешуге ықпал ете алады. Біз 2026 жылы БҰҰ аясында Қазақстанда Аймақтық климаттық саммит өткізуді жоспарлап отырмыз, – деді Қазақстан Президенті.

Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде Орталық Азия өңіріндегі су талшылығы трансшекаралық өздер бассейінінде күрделі экономикалық және басқа да мәселелер туындатып отырғанына назар аударды. Мұндай жағдай келешекте бүкіл әлемде байқалады. 2040 жылға қарай суға жаһандық сұраныс ұсыныстан 40 пайызға асып кетуі мүмкін.

Біз климаттың өзгеруіне қарсы күрес жөніндегі шаралармен бірге осы бір маңызды жаһандық мәселені шешу үшін саяси күш-жігеріміз бір экономикалық ресурсымызды жұмылдыруымыз керек. Келесі жылы Қазақстан Халықаралық Аралды қорғау орнына төрағалық етеді. Біз қоршаған ортаны одан әрі тозуына жол бермеу және бір кездері планетамыздағы аумағы жөнінен төртінші орында тұрған көлдің айналысындағы тіршілікке кері әсерін болдырмау жұмыстарын жалғастырамыз. Қазір әлемдегі ең ірі көл – Каспий теңізі де суынын тартылып, су арналарының бұрылуы, флорасы мен фаунасының ластануы сияқты экологиялық мәселелермен бетпе-бет келіп отыр. Каспий теңізінің құтқару мәселесі ұзақмерзімді халықаралық ынтымақтастықты қажет ететін ортақ басымдыққа айналуы керек, – деді Мемлекет басшысы.

Президент Қазақстан Орталық Азия елдерімен көпжақты ынтымақтасты одан әрі нығайтуға ниетті екенін айтты. Аймағымыз халықаралық қауымдастықтың «біртұтас әрі дербес» бөлігі ретінде маңызды рөл атқарды. Сондай-ақ дамудың жаһандық процестеріне өз үлесін қоса алады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Ауғанстан тұрақты, өркендеген мемлекетке және сенімді сауда серіктесіне айналуы керек деп санайды. Осы орайда ол Алматыда Орталық Азия және Ауғанстан үшін БҰҰ-ның Орнықты даму мақсаттары жөніндегі өңірлік орталығын ашу туралы бастаманы қолдауға шақырды. Бұдан бөлек, Президент жиын қатысушыларына Қазақстанда жүргізіліп жатқан реформалар, Конституцияға енгізілген түзетулер, елдегі саяси-экономикалық жүйенің жаңғыруы жөнінде қысқаса мәлімет берді. Сондай-ақ елімізде жүргізіліп жатқан реформалардың түп негізінде әділдік, теңдік, адальдық пен еркіндік қағидастары жатқанын жеткізді.

– Менің пікірімше, кез келген жағдайда заң үстемдігін сақтау бәрінен басым тұруы қажет. Саяси реформалар мен адами капиталды дамытуға жұмсалатын инвестиция ғана экономикамызды әлдеқайда мықты әрі тұрақты ететінін жақсы түсінеміз, – деді Президент.

Мемлекет басшысының айтуынша, Қазақстан гендерлік теңдікті қамтамасыз ету, әйелдер мен қыздардың құқықтарын және мүмкіндіктерін кеңейту турғысынан едәуір ілгерілеген.

Президент жуырдағы Жолдауында, ең алдымен азаматтарымыздың лайықты өмір сүруіне қажетті мүмкіндіктерді қамтамасыз етуге бағытталған жаңа экономикалық саясатты ұсынғанын атап өтті.

– Өскелен ұрпақтың денсаулығы, әл-ауқаты және сапалы білім алуы Қазақстанның мемлекеттік саясатының негізгі басымдығы саналады. Мен елімізді баянды болашаққа жетелейтін жастарға зор сенім артамын. Елімізде және шетелдерде кемел келешек үшін аянбай еңбек етеміз. Біріккен Ұлттар Ұйымының негізінде жатқан Бірлік пен ұжымдық ықпалдастық рухын жаңғыртайық! Жарқын әлем құруға деген ортақ мақсатымыз біздің әралуандығымыздан әрдайым биік тұруға тиіс екенін есте ұстайық. Қазақстан жарқын, әділетті және орнықты әлем құру ісінде БҰҰ-ға мүше мемлекеттердің бірімен ынтымақтастық орнатуға дайын, – деп сөзін қорытындылады Қасым-Жомарт Тоқаев.

ТАҒАЙЫНДАУ

ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ОРЫНБАСАРЫ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өткен кадрлық өзгерістерге байланысты актив отырысында облыс әкімінің орынбасары тағайындалды.

Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің келісімімен және облыс әкімінің өкімімен Жаналинов Данияр Еренғалиұлы облыс әкімінің орынбасары лауазымына тағайындалды.

Облыс әкімі жаңа орынбасарын таныстырып, қызметіне сәттілік тіледі. – Данияр Еренғалиұлы – бұған дейін Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі, Мемлекеттік кірістер комитетінің төрағасы және өзге де жоғары лауазымдарда абыройлы еңбек еткен, қаржы саласының нағыз маманы ретінде республикада мойындалған бірегей кадр. Бұл ретте Данияр Еренғалиұлының салалық министрлікте жинаған мол тәжірибесі мен кәсіби әлеуеті аймақтың әлеуметтік-экономикалық өркендеуіне үлес қосып, республикадан қаржы тартуға септігін тиігізеді. Мемлекет басшысы Биылғы Жолдауында қала және аудан әкімдеріне жергілікті бюджетті басқару және жергілікті бюджетке салынатын салыққа қатысты жеңілдіктерді анықтау құқығын аймақтардың өзіне беру мәселесін қарастыруды тапсырды. Өздеріңізге белгілі, аймақ қазынасын қалыптастыруда бюджеттің кіріс тәздерін, оның ішінде салық базасын кеңейту аса маңызды. Данияр Еренғалиұлы салық органдарында ұзақ жыл қызмет атқарып, мол тәжірибе жинаған маман ретінде Сыр елінің әлеуметтік-экономикалық дамуы жолында аянбай еңбек етеді және облыс бюджетін қалыптастыруға өз үлесін



қосады деп сенім білдіреміз, – деді аймақ басшысы.

Данияр Еренғалиұлы 1975 жылы Алматы облысында дүниеге келген. Қазақ көлік және коммуникация академиясын «Инженер-экономист» мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек жолын 2000 жылы Алматы облысы Талдықорған қаласы бойынша Салық қо-

митетінің салық инспекторы болып бастаған. 2002-2010 жылдары Алматы облысы бойынша Салық комитетінде салық инспекторы, жетекші, бас салық инспекторы, бөлім басшысы және департамент бастығының орынбасары қызметтерін атқарған. 2010-2014 жылдары ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің басқарма басшысы, 2014-2018 жылдары ҚР Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаментінің басшысы, 2018-2021 жылдары Маңғыстау облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаментінің басшысы болған.

2021-2022 жылдары ҚР Қаржы вице-министрі лауазымында еңбек етті. 2022 жылдың тамызы айынан бастап осы кезге дейін ҚР Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің төрағасы қызметін атқарып келді.

ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

ЖАҢА ҚЫЗМЕТКЕ ШЫҒАРЫП САЛДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өткен кадрлық өзгерістерге байланысты актив отырысында әріптестері Қызылорда облысының прокуроры болған Нұрлан Бижановты жаңа қызметке құрметпен шығарып салды. 2019 жылдан бері Қызылорда облысының прокуроры қызметін атқарып келген Бижанов Нұрлан Дәуренұлы Астана қаласына ротация тәртібімен басқа қызметке ауысты.

Аймақ басшысы Нұрлан Дәуренұлының бастамасымен өңірде ауқымды жұмыстар атқарылғаны, түрлі заң бұзушылықтар жойылды, мемлекет қазынасына қаражат қайтарылғаны үшін оған алғыс білдірді.

– Нұрлан Дәуренұлы жауапкершілік жүгі ауыр қызметтік міндетін атқаруда өзін іскер, ұйымдастырушылық қабілеті зор басшы ретінде көрсетті. Аймақтың тұрақтылығы мен қауіпсіздігін сақтап, заң үстемдігін жоғары қойды. Тарқатып айтқанда, прокуратура жүргізген 456 тексеру қорытындысымен 8147 бұзушылық анықталып, оның шеңберінде 2324 ұсыныс, 479 наразылық енгізілді. Жүйелі жұмыстардың нәтижесінде бюджетке 11 млрд теңге қаржы өндіріліп, 1,5 млрд теңгенің мүлкі мемлекетке қайтарылды. Бұл – ауқымды жұмыстың бір бөлігі ғана. Мемлекет басшысының ауыл шаруашылығы мақсатындағы итерімдеген жер учаскелерін мемлекет меншігіне қайтару туралы тапсырмасына сәйкес прокуратура органдарының пәрменді бақылауымен жыл басынан бері 138 мың гектар жайылымдық жер учаскелері анықталды. Бүгінде оның 41 мың гектардан астамы мемлекет меншігіне қайтарылды. Жүргізілген жүйелі жұмыстардың арқасында өңіріміз кылмыс деңгейі төмен 3

жұмыстардың нәтижесінде бюджетке 11 млрд теңге қаржы өндіріліп, 1,5 млрд теңгенің мүлкі мемлекетке қайтарылды. Бұл – ауқымды жұмыстың бір бөлігі ғана. Мемлекет басшысының ауыл шаруашылығы мақсатындағы итерімдеген жер учаскелерін мемлекет меншігіне қайтару туралы тапсырмасына сәйкес прокуратура органдарының пәрменді бақылауымен жыл басынан бері 138 мың гектар жайылымдық жер учаскелері анықталды. Бүгінде оның 41 мың гектардан астамы мемлекет меншігіне қайтарылды. Жүргізілген жүйелі жұмыстардың арқасында өңіріміз кылмыс деңгейі төмен 3

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен облыс әкімдігі жанындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелеріне арналған комиссияның кезекті отырысы өтті. Онда энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы – жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары салаларында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау және алдын алу мәселелері қаралды.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС МӘСЕЛЕЛЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Аймақ басшысы халыққа қызмет ететін мемлекеттік орган қызметкерлері міндеттерін адал орындауы керектігін атап өтті.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы жаңа Жолдауында барлық саладағы негізгі ұстанымдарымыз – адалдық, ашықтық және теңдік қағидатына негізделуі керек екенін атап өтті. Бүгінгі комиссия отырысына арқау болатын бірнеше мәселеге де қатысты Президент нақты талаптар қойды. Бұл ретте, барлық мүдделі органдар мен жергілікті әкімдік қызметшілері міндеттерді мінсіз атқаруға тиіс, – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Қызылорда облысы бойынша департаменті басшысының бірінші орынбасары Асылхан Ашиқов облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасы және оған қарасты квазимемлекеттік мекемелерге жүргізген сыртқы талдау нәтижелерін таныстырып, саладағы тәуекелдерге тоқталды. Мұнан бөлек, облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқарма басшылары сыбайлас жемқорлықты жою және алдын алу бойынша атқарған жұмыстарын баяндады.

Облыстық мемлекеттік сатып алу басқармасының басшысы облыс әкімінің тапсырмасымен мемлекеттік сатып алу жүйесін орталықтандыру нәтижелерін талдағанда жергілікті мекемелер жүзтемесі азайып, сатып алу процедуралары айтарлықтай ашық өтуіне ықпал ететінін атап өтті. Жана бақылау тетігін енгізу нәтижесімен камеральды хабарламалар саны 30%-ға, әкімшілік жауапкершілік 49%-ға, шағымдар саны 39%-ға төмендегенін айтты. Айта кетейік, бұл тәжірибе алғаш рет Қызылорда облысында қолданылып, қазір тиімділігін дәлелдеді.

Жын қорытындысымен облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармаларына жасалған сыртқы талдауларға сүйеніп, басқармалар мен оған қарасты мекемелерде заң бұзушылықтардың алдын алу бағытында нақты шаралар қабылдау, түсіндірме жұмыстарын күшейту тапсырылды. Ал мемлекеттік сатып алу басқармасына сатып алу рәсімдеріндегі онтайландыруды қажет ететін кейбір процестерге талдау жүргізіп, қауіпкертер туындауы мүмкін мәселелер бойынша құзырлы органдарға ұсыныс енгізу жөнінде тапсырма берілді.

ҚЫЛМЫСТЫҢ АЛДЫН АЛУ АСА МАҢЫЗДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өткен облыс әкімдігі жанындағы құқық бұзушылық профилактикасы жөніндегі ведомстволық комиссияның кезекті отырысында ұрлықпен күрес, профилактикалық есепте тұрған азаматтардың қайта қылмыс жасауының алдын алу мәселелері қаралды.

Аймақ басшысы соңғы жылдары қылмыстық құқық бұзушылық саны төмендегенімен, ішінара қайталанатын заң бұзу әрекеттері тыйылмағанына қаперге салды.

– Ел Президенті халыққа арнаған жаңа Жолдауында қоғамдық тәртіптің кез келген түріне қатысты нақты шешім қабылдау кезек күттірмейтінін атап өтті. Бұл орайда балаларды түрлі қылмыстан қорғауға, оларға қауіпсіз орта қасауға, әлімжеттік оқиғаларды болдырмау үшін қатаң тосқауылдар қойып, жұмысты күшейтуге міндеттіміз. Сондықтан бұл тақырыптарды комиссия отырыстарында жан-жақты қарауға тиіспіз. Биылғы 8 айдағы көрсеткіштерге сәйкес өңірімізде тіркелген қылмыстық құқық бұзушылықтар 7 пайызға, ұрлық 15 пайызға төмендеген. Елімізде тіркелген 30 713 ұрлықтың 2,1 пайызы өңірімізде жасалған. Республикалық көрсеткіште Қызылорда облысы 18-қатарда орналасқан. Алайда бұл ұрлықпен күрес жұмыстарын бәсеңдетуге негіз болмайды, – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Қызылорда облысы бойынша полиция департаментінің бастығы Махсұдхан Аблазимов осы бағытта атқарылған жұмыстар туралы баяндап, қылмыс деңгейін төмендету бойынша бірқатар ұсыныс айтты. Қылмыстық атқару жүйесі департаментінің бастығы Шаймерден Есенгелдиев өңірде бұрын сотты болғандар жасаған қылмыстық құқық бұзушылықтар санын азайтуда қабылданған шараларға тоқталды.

Облыс әкімі қылмыспен күресте бақылаудың жеткіліксіздігін айтып, таяуда ғана Түркістан облысының Сарыағаш ауданында болған жантүршігерлік оқиғаны, яғни бірнеше рет қылмысқа барған адамның бес жасар қыз баланы айтуандықпен өлтіргенін мысал ретінде келтірді. Бұл жауапты басшылардың барлығына сабақ болуы тиіс екенін ескертті. Осы тұрғыда қатаң бақылау және профилактикалық жұмыстың маңызды зор екенін назарға салып, бірлесіп әрекет етуді міндеттеді.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

ТЫҢҒЫЛЫҚТЫ ДАЙЫНДЫҚ КЕРЕК

– Бюджет қаржысы тиімді жоспарланып, оның әлеуметтік-экономикалық қайтарымы болуы тиіс. 2024 жылға облыстық басқармалар және қала, аудан әкімдіктері тарапынан Қаржы министрлігіне 202 млрд теңгеге бюджеттің өтінім ұсынылып, тек 85,4 млрд теңгесі, яғни 42 пайызы ғана қолдау тапты. Инфрақұрылым желілерін тартуға, абаттандыруға, газдандыруға, тұрғын үйлерді күрделі жөндеуге, жол салуға бағытталған 116,6 млрд теңгелік жобалары қолдау таппаған. Бұл жобалар өңіріміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына, тұр-

ғындардың қолайлы өмір сүруіне оң ықпал етеді. Өздеріңіз білетіндей, Мемлекет басшысының тапсырмасымен Көлік, Өнеркәсіп және құрылыс, Су ресурстары және ирригация, Мәдениет және ақпарат, Туризм және спорт, Сауда және интеграция министрліктері құрылды. Осы ретте, облыстық басқармалар, Қызылорда қаласы және аудан әкімдіктері жана министрліктермен тиісті жұмыс жүргізуі қажет, – деді аймақ басшысы.

Үкімет отырысында қаралған тағы бір мәселе – алдағы жылы беру маусымына дайындық бойынша облыс әкімі жауапты сала басшыларына әлеуметтік нысандар мен тұр-

ғын үйлердің әзірлігін мұқият қадағалап, қажетті отын қорын уақытылы жеткізуді тапсырды. – Қысқы маусымға дайындық мәселесі әрдайым өте маңызды. Дайындық жұмыстары Мемлекет басшысының және Үкіметтің тікелей бақылауында. Өңірде биыл жылу жүйелерін жаңғыртуға республикалық бюджеттен қаржы бөлінді. Қазір қалада жылу жүйелері ауыстырылуда. Бөлінген қаржыны тиімді, уақытылы және сапалы игеруіміз қажет. Жылу беру маусымына дайындық барысында өзекті мәселелердің бірі – бұл көмір қорын дайындау. Мен қала және аудандарға қажетті көмір қорын жасақтау жұмыстарын жаз

айларынан бастау қажеттігін айтып келемін. Алайда кейбір әкімдер жұмысты әлі де қажетті деңгейде ұйымдастырмаған. Осыған байланысты бұған дейінгі жиналыстарда тиісті аудан әкімдеріне шара да көрілді, – деп облыс әкімі жылу мен жарықта бір минут та кідіріс болмауы керектігін қатаң ескертті.

Мәжіліс қорытындысында аймақ басшысы өткен аптада Астана қаласында болған ауыл шаруашылығы жәрмеңесін жоғары деңгейде ұйымдастыруға атсалысқан азаматтарға алғыс білдіріп, алдағы уақытта мұндай шараны өңірде де өткізу жөнінде тапсырма берді.



театрлары, оркестрлер, ән-би және отбасылық ансамбльдер.

Сыр елі өркениетінен сыр тартсақ...

Қызылорда облысының 85 жылдығы аясында Қарағанды облыстық, Ә.Кекілбайұлы атындағы Маңғыстау облыстық тарихи-өлкетану музейлерінде Сыр елінің шежірелі тарихи мен мәдениеті насихатталса, Жәніс күніне орай Ақтөбе облыстық мемориалды музей қорынан Кеңес Одағының Батыры Ә.Молдағұлованың өмірі мен даңқты ерлік жолын әйгілейтін жылжымалы көрмелер ұйымдастырылды. Бұдан бөлек, «Алтын киімді Ұлы дала елі» көрмесі ашылып, көрмеге Батыс Қазақстан облысынан табылған Тақсай ханшайымы, Қарағанды облысынан Арқаның алтын адамы, Болған ана бейнесі, Атырау облысынан табылған Алтын адам – Сармат көсемі бірегей археологиялық жәдігерлері қойылды.

Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінде ҚР Еңбек сіңірген мәдениет қайраткері, ҚР Суретшілер одағының

Облыстық тарихи-өлкетану музейі заманауи үлгіде толығымен қайта жаңғыртылып, музей жанынан көркем-сурет галереясы ашылды.

2014-2019 жылдары ортағасырлық Сығанақ, Жанкент, Шірік-Рабат, Жент, Сортөбе, Қышқала, Бәбіш мола, қалашықтарына және Аралдың кепкен табиғатындағы Кердері кесенесіне археологиялық қазба жұмыстары жүргізілді. 2013-2019 жылдары 16 тарих және мәдениет ескерткіші қайта жаңғыртудан өткізіліп, 40 монументті өнердің жаңа құрылысы – 7 ескерткіш, 33 мүсін орнатылды. Сонымен қатар, «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы картасына еліміз бойынша таңдалып алынған жалпыұлттық 100 қасиетті орынның тізіміне облыстағы 12 ескерткіш енгізілді. Ал «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасымен өңірдің тарихи және қасиетті орындарына қолжетімділікті қамтамасыз ету мақсатында ескерткіштердің 3D форматтағы толық виртуалды моделі қалыптасып, 190 ескерткішке QR-код тақтайшалары орнатылды.

2016-2017 жылдары өңірімізде алаш рет Қазақстан Республикасының ЮНЕСКО және ИСЕКО істері жөніндегі Ұлттық комиссияның Материалдық және материалдық емес мәдени мұраларды қорғау жөніндегі отырысы өткізілді. Ал 2018 жылы Қорқыт ата мұралары «Қорқыт ата мұрасы: дастан, аңыз және музыка» деген атаумен ЮНЕСКО-ның материалдық емес мәдени мұралар тізіміне енгізілді. Айта кетейік, 2006 жылдан бастап үш жыл сайын «ТҮРКСОЙ» халықаралық ұйымымен бірлесіп, түркітілдес елдердің «Қорқыт және Ұлы Дала сазы» атты халықаралық фольклорлық музыкалық өнер фестивалі өткізіліп келеді.

Атадан балаға мұра болған ұлттық өнерді ұлықтап, өскелең ұрпаққа

«Құрмет» ордендерінің иегері К.Дүйсекеев атындағы I «Туған жер» атты халықаралық өңірлер конкурсы, халық ақыны, әнші И.Құтпанұлының 160 жылдығына арналған «Қазаққа аты мөшүр Иманжүсіп» атты республикалық әнші-жыршылардың фестивалі өтті. Мемлекет және қоғам қайраткері Т.Жүргеновтің 125 жылдық мерейтойына арналған «Жыр арқауы – Жүрген» атты республикалық жазба ақындар мүшәйрасы, ақын, сатирик, аудармашы, сыншы, журналист Ж.Әбдірашевтің 75 жылдығына орай «Көктем нұры» атты республикалық мектеп оқушылар айтысы, «Дала сенің ұлыңмын» атты республикалық жыр мүшәйрасы тағалымды шара болды. Ақын-жырау Ж.Қадірбергеновтің (Қанлы Жүсіп) 150 жылдығына арналған «Қара өлеңнің шебері» атты республикалық ақындар айтысы, «Түркі әлемнің Темірбегі» атты облыстық жас ақындар айтысы, «Қорқыттан қалған қоныр ұн» атты облыстық балалар жыршы-термешілер байқауы, тұңғыш рет облыс әкімінің жұлдісі үшін «Айтыс олимпиадасы» облыстық балалар айтысы ұйымдастырылды. Сонымен қатар, облыстық мәдениет және спорт басқармасының қолдауымен іске асырылған «Қоныр өңгіме» жобасы көрермен қауымнан қолдау тапты. Бабалар дәстүрін жаңғырту бағытындағы рухани кештің алғашқы қонақтарының бірі жырау, фольклортанушы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Парасат» орденінің иегері А.Алматыр бабалар болмысындағы ізгі қасиеттер мен асыл құндылықтарды қоныр өңгімеге арқау етіп, талбесіктен басталатын тәлім-тәрбиенің тінін тарқатты.

Балалар мен жасөспірімдер шығармашылығына тоқталар болсақ, республикамыздың өзге өңірлері мен шет мемлекеттерде өткізілген 36 халықаралық конкурста Қазақстан Республикасының 79 өнерпаз қатысып, нәтижесінде 23 бас жүлде, 21 I орын, 8 II орын, 15 III орын иеленіп қайтты. Соның ішінде Қазақстанның еңбек сіңірген артисі К.Ақдәулетова атындағы балалар студиясының, «Көңілді ноталар» балалар өн үйірісінің талантты шәкірттері бар. Өнерге қанат қаққан жас таланттар шет мемлекеттерде өткен 8 халықаралық конкурста жеңімпаз атанып, Сыр елінің атын әлемге танытты. Атап айтсақ, Баку қаласында өткен XIII халықаралық «Мугам» балалардың өнер фестивалі-конкурсында Қармақшы ауданынан жас термеші Мәди Елемесов жыр-терме жанры бойынша қатысып, жұлділі III орынды, Германия мемлекетінің Гессе қаласында өткен халықаралық «Colors of Voices» конкурсында Шиели ауданының өнерпазы Әкімәлі Әли дипломант атанды. Сондай-ақ, балалардың жазғы демалысында Грузияның Батуми қаласында Армения, Әзербайжан, Болгария, Грузия мемлекеттері балаларының қатысуымен өткен XXIII халықаралық «Золотой дельфин – искусство вокруг мира» конкурсында Қызылорда қаласынан вокал жанры бойынша 6 өнерпаз қатысып, нәтижесінде 2 өнерпаз бас жүлде, қалған өнерпаздар I орын иегері атанып қайтты.

Аймақ тарихы құнды деректермен толықты

Алаштың алғашқы астанасы болған Сыр өңірінің тарихына қатысты құжаттар Өзбекстан, Татарстан Республикаларының, Ресей Федерациясының мемлекеттік архивдерінде сақталған. Осыған орай аймақ басшысының қолдауымен облыстың құрылғанына 85 жылдығына байланысты тарихи деректердің көшірмесін алу мақсатында тиісті қаражат бөлініп, облыстық архив қызметкерлері Орынбор мемлекеттік архивінде болып, айқындау, зерделеу жұмыстарын жүргізді. Нәтижесінде, XVIII-XIX ғасырлардағы облыс тарихына қатысты құжаттардың көшірмелері, атап айтатын болсақ, Арал теңізіне зерттеу, жағалауына қала салу жөніндегі мәліметтер, Қырғыз-қайсақ Кіші Орда хандары туралы, Ресей мен Орта Азия мемлекеттері арасындағы саяси-экономикалық қатынастар, сауда, ауыл шаруашылығы және орман шаруашылығы туралы, генерал Перовскийдің Ақмешітке жорығы, Перовск қаласының өңірлеріне теміржол тарту, т.б. құнды құжаттардың көшірмелері атанды. Бұл құжаттар толық зерделеніп, заңнама талаптарына сәйкес I жылдан соң жалпы жұртшылықтың пайдалануы үшін қолжетімді болады. Алдағы уақытта Татарстан Республикасының мемлекеттік архивінен өңір тарихына қатысты құжат көшірмелерін әкелу жоспарланып отыр.

Сыр өңірі мәдениетінің 85 жылдық тарихын бір мақала аясында толық қамту мүмкін емес. Айталық, аудандық мәдениет үйлері мен ауылдық клубтардың тарихы, онда қызмет еткен айтулы тұлғалардың өмір жолы өз алдына бір жинаққа жұк боларлық дүние. Сондықтан сала тарихы үздіксіз сараланып, сабақтама бермек.

Жылнама

- 1938 жылы 3 мәдениет ошағы, 1 облыстық архив жұмыс жасады.
- 1938 жылы Шымкент облыстық драма театрының филиалы ретінде Қызылорда қаласында Нартай Бекежановтың жетекшілігімен эстрадалық концерт бригадасы жасакталды.
- 1939 жылы Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейі құрылды.
- 1955 жылы театр Талдықорған қаласында Еңбекшіқазақ, Ақсу, Қаратал колхоз-совхоз театрларының негізінде құрылды.
- 1972 жылы облыстық филармония құрылды.
- 1980 жылы архитектор Б. Ибраев пен физик-акустик С.Исатаевтың жобасымен Қорқыт ата ескерткіш-кешені салынды.
- 2007 жылы Тұрмағамбет Ізтілеуұлының 125 жылдығына орай Тұрмағамбет атындағы халық аспаптар оркестрі, 2001 жылы «Томирис» би ансамблі, 2014 жылы камералық оркестр құрылды.
- 2009 жылы «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарлама аясында «Сырдария кітапханасы» сериясымен 200 томдық көркем әдеби шығармалар антологиясы жарық көрді.
- 2018 жылы Қорқыт ата мұралары «Қорқыт ата мұрасы: дастан, аңыз және музыка» деген атаумен ЮНЕСКО-ның материалдық емес мәдени мұралар тізіміне енгізілді.
- 2019 жылы Н.Бекежанов атындағы қазақ музыкалық драма театрына «Академиялық» мәртебесі берілді.
- 2023 жылы симфония оркестрі құрылды.

МӘДЕНИЕТ: ЖЫР-ӘННІҢ ЕЛІ, ТҰРАННЫҢ ТӨРІ

1938 жылы Қызылорда облысының құрылуына байланысты Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесі Президиумы ұйымдастыру бюросы құрамында Қызылорда облысы бойынша искусство істері жөнінде комитет құрылған. Ал 1940 жылы 17 шілдеде бөлім құру туралы шешім қабылданып, 1945 жылы 24 қыркүйектегі №578 қаулыға сәйкес Қызылорда облыстық еңбекшілер депутаттары атқару комитетінің мәдени-ағарту мекемелері істері бойынша бөлімі жасакталды.

Өңір мәдениетінің өрлеу жолдары

Қызылорда облысының 85 жылдық тарихында өңір мәдениеті де өрлеу кезеңін өткерді. Айталық, бүгінде облыста 410 мәдениет, өнер және архив мекемесі, оның ішінде 209 кітапхана, 171 мәдениет үйі мен клуб, 14 музей, облыстық халық шығармашылығын дамыту және мәдени-продюсерлік орталығы, Н.Бекежанов атындағы қазақ академиялық музыкалық драма театры, облыстық филармония, тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау, 11 архив мекемесі халыққа қызмет көрсетеді.

1967 жылы Қазақ ССР Мәдениет министрлігінің №255 бұйрығымен елімізде өткен «СССР – халықтар достығы» фестивалінде жақсы жетістіктерге жеткені үшін облыстық мәдениет басқармасына алғыс жарияланды. Осы жылы министрлік қаулысымен Арал аудандық мәдениет үйі жанындағы ұлт аспаптары оркестріне «Халықтық» атағы берілді. Сондай-ақ, 1966 жылы Қызылорда қалалық халық творчествосы үйі жанынан «Сыр сұлуы» ән-би ансамблі құрылып, 1968 жылы ансамбль «Халықтық» атағына ие болды.

Архив деректеріне жүгінісек, облыстағы кітапханалар тарихы сонау 1955 жылдан басталады. Сол жылы 151 кітапхана, 100 оқырмандар үйі жұмыс жасап, кітап қоры 17684 мың дана болған. Аймақта 1 облыстық, 1 қалалық және 8 аудандық мәдениет үйі, 30 ауылдық клуб қызмет көрсеткен. Сонымен қатар, 357 үгіт бригадасы, 145 әуреті үйірме жорықтары түрде мәдени іс-шаралар жүргізген. Кино жүйесі бойынша 1959 жылы облыс көлемінде 61 кинотеатр болды.

Сыр тарихының құнды деректері сақталған облыстық тарихи-өлкетану музейі 1939 жылы ашылды. Музей қорында 23 мыңнан астам жәдігер бар. Атап айтсақ, археологиялық, этнографиялық, нумизматикалық, скульптуралық заттар, суреттер, қолжазбалар, тарихи құжаттар, сонымен қатар, халық шеберлерінің қолынан шыққан зергерлік әшекей бұйымдары сақталған. Облыстық атқару комитетінің №218 жарлығымен 1968 жылы Қазалы ауданында Г.Мұратбаев музейі ашылды. Ал 1978-1982 жылдары екі мәрте Социалистік Еңбек ері Ы.Жақаев атындағы күрші өсіру тарихи музейінің бөлімі жұмыс жасап, 1962 жылы дербес мекеме болып құрылды.

Симфония оркестрі құрылып, Жастар театры шаңырақ көтерді

Жыл сайын сала бойынша заманауи үлгіде бой көтерген еңселі ғимараттар қала келбетіне шырай беріп, өркениет өрнегін айшықтай түседі. Мәселен, осы күні облыс бойынша 5 мәдениет нысанының және көпфункционалды 1000 орындық Өнер сарайының құрылысы жүргізілуде. Айта кетейік, облыс орталығында салынып жатқан сәулетті ғимараттар – Неке сарайы және Өнер орталығы биыл пайдалануға беріледі. Одан бөлек, Қазалы ауданы Каукей ауылындағы 100 орындық клуб, Жаңақорған ауданы Жайылма, Өзгент, Қызылорда қаласы Қарауылтөбе, Талсауат ауылдарында 150 орындық клуб бой көтеруде.

Қызылорда облысының 85 жылдығына орай аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаевтың тікелей қолдауымен тұңғыш рет облыстық филармония жанынан симфония оркестрі құрылды. Оркестрдің көркемдік жетекшісі және бас дирижері – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Мүсілім Әмзе. Оркестр құрамына ішекті, үрмелі және ұрмалы аспаптар бойынша 30 кәсіби музыкант қабылданып, жалпы ұжым 50-ден аса маманнан жасакталды. Сондай-ақ, бұған дейін қала әкімдігі жанында үйірме ретінде жұмыс жасап келген Жастар театрының өз алдына кәсіби ұжым ретінде қайта құрылуы өңір мәдениетінің тарихындағы маңызды бастамалық бірі болды.

Мәдениет саласы бойынша осы жылдың тағы бір ерекше ханалығы – Мәдениет және өнер қызметкерлері күніне орай облыс әкімі Сыр мәдениетін



дамытуға сүбелі үлес қосқан 20 өнер және әдебиет өкіліне «Тұран» сыйлығы табыстап, 500 мың теңгеден қаржылай сыйақы тағайындады. Сыр жұртшылығы аймақ басшысының бұл арнайы сыйлығын өнер және шығармашылық өкілдерінің еңбегіне берілген жоғары баға деп қабылдады. Оған қоса, облыс мәдениет ұйымдарына қарасты 8 өнер ұжымына 40 домбыра табысталды. Сонымен қатар, былдан бастап облыстық мәдениет саласындағы 10 маман шетелдердегі үздік өнер орталықтарында біліктілігін арттырады. Ізбетте, мұндай шығармашылық әлемдік сала жұмысына серпін берері сөзсіз.

Театр сахнасындағы әлемдік туындылар

Аймағмыздағы мәдениет пен өнердің іргелі орталығы – Н.Бекежанов атындағы қазақ академиялық музыкалық драма театры 1955 жылы Алматы облысында негізі қаланып, 1960 жылы театр Қызылорда облысына көшірілді. Өнер шаңырағына 1970 жылы Сыр сүлейі Н.Бекежановтың есімі берілді. Театрдың іргесін қалаған актерлар Т.Айнақұлов, Ш.Бәкірова, Ж.Бағысова, О.Әбдімомунов, Ш.Әбдібаев, С.Шотықов, Қ.Көпбаева, А.Мансабаев, Ш.Мәденинов және тұңғыш режиссері Ж.Әбілтайев болды.

Театр ұжымы алғашқы маусымында М.Әуезов пен Л.Соболевтің «Абай», М.Әуезовтің «Қарақөз», «Қарақұл» драмалары, Ш.Айтматовтың повесі жөнінде «Жеміле» драмасы, С.Раевтың «Ақ ләйлек» психологиялық драмасы, О.Нұрмахановтың «Көрұғлы» рухнамасы және бірқатар балалар қойылымының премьералары өтті. Сондай-ақ, аймақ тұрғындарына қоғамда өзекті болып отырған сыбайлас жемқорлыққа, нашаркорлыққа қарсы тақырыптарды қамтыған тегін қойылымдар көрсетілді. Бұдан бөлек, мүмкіндігі шектеулі өнерпаздардың шығармашылығын шыңдауға арналған инклюзивті театр іске қосылды.

Театр осы кезеңдерде республикамыздағы алдыңғы қатардағы бірегей өнер ордасы деңгейіне жетіп, Түркия, Ұлыбритания, Татарстан елдеріне гастрольдік сапармен барды. Қазір «академиялық» статусына ие болып отыр. Облыстық филармония ұжымы да жақсы жетістіктерге жетіп келеді, онда қазір оннан аса өнер ұжымы жұмыс жасауда, бұрын-соңды болмаған камералық, симфония оркестрлері құрылып, халыққа қызмет көрсетуде. Сондай-ақ, халықаралық деңгейдегі фестивалдар, жыршы-термешілер конкурстары дәстүрлі түрде өткізіліп келеді. Мысалы, «Ұлы Дала сазы», «Ғасырлар үні» сияқты ауқымды халықаралық фестивалдар тек Сыр бойында өтетінін мақтанышпен айта аламыз.

Аудандарда «халықтық» атағы бар ұжымдар тұрғындарға мәдени қызмет көрсетіп келеді, олардың саны қазір 40-тан асып жығылады. Бұлар – халық

мүшесі, көп-теген халық-аралық және республикалық көрме қатысушысы Я.Ағытаевтың «Дәстүрге толы өмір» атты жеке көрмесі ұйымдастырылды. Сондай-ақ, Шірік-Рабат Алтын адамы және Алтын Орда кезеңіндегі Ұлы дала көшпенділерінің өркениетін ұлы ететін Сығанақ ханшайымының алтындатқан мүсіні жасалуда. Аталған туындылар жыл соңына дейін облыстық музейге табысталады.

Айта кетейік, аймақтың мәдени-рухани дамуына өзгә кәсіпкерлері мен мешенаттар да өз деңгейінде үлес қосуда. Атап айтқанда, Қызылорда қаласында белгілі кәсіпкер, мешенат М.Дүйсебаевтың демеушілігімен 1,5 млрд теңгеге салынған ұлттық әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлерді жаңғыртуға, отбасы құндылығын нығайтуға бағытталған «Анаға тағзым» орталығы жақын күндері жұмысын бастайды. Сонымен қатар, алматылық «АБМГРУП» компаниясының демеушілігімен республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші саналатын Хорасан ата кесенесінің айналасын абаттандыру жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Өңірімізге келген қонақтардың ерекше назарын аударатын мәдени сәулетті нысан – Қармақшы ауданындағы Қорқыт ата ескерткіш кешені десек, мәдени ескерткіш 2014-2015 жылдары толық жаңғыртудан өтті. Айналасын абаттандырып, көркейтүү-көгалдындыру жұмыстары жыл сайын жүргізіледі. Сол сияқты, қасиетті Марал баба, Оқшы ата кесенелеріне қайта жаңғырту, айналасын абаттандыру, кесенеге баратын жолдар салу жұмыстары қолға алынды. Айта кетейік, өңір тарихында бірінші рет Сыр елінің бүгінгі келбетін арқау еткен 12 сериялы имидждік телесериал түсіріліп, көрермендерге ұсынылады. Ал жыл соңында еліміздің бас қаласы – Астанада Қызылорда облысының өнер күндері өткізіледі.

Тәуелсіздік жылдарындағы жетістіктер

Тәуелсіздік жылдары облыс бойынша типтік жолда 33 клуб, 6 музей, 1 кітапхана (Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы), 1 мемлекеттік архив құрылысы салынып, пайдалануға берілді.

2013-2014 жылдары ауылдық мәдениет ошақтарына облыстық бюджеттен 410 штат, облыстық театр, филармония, музей және ескерткіштерді қорғау мекемелеріне 143 штат, барлығы 553 штат беріліп, қажетті мамандармен толықтырылды. 2014 жылы 7 ауданда барлық қажетті заманауи құралдармен толық жабдықталған «Зерде» мәдени-ақпараттық автокөлігі алынды.

2007-2017 жылдары облыстық филармония жанынан тұңғыш рет Тұрмағамбет атындағы халық аспаптары, камералық оркестрлер, облыстық Н.Бекежанов атындағы қазақ музыкалық драма театры жанынан жастар труппасы, А.Тоқмағамбетов атындағы қалалық мәдениет үйі жанынан Жастар театры құрылды. «Мәдени мұра» өңірлік бағдарламасы жүзеге асырылып, нәтижесінде 54 ескерткіш қайта жаңғыртудан өткізілді. Осыған орай 2013 жылы облыс әкімдігі жанынан тарихи-мәдени мұраларды қорғау және пайдалану жөніндегі ғылыми-әдістемелік кеңес құрылып, жұмыс жасады.

насихаттау мақсатында «Жастар» атты облыстық телеарнасы ұйымдастырып, «Мен қазақпын» халықаралық телевизиялық мега жобасында өңірмізден терме жанры бойынша қатысқан Күнсұлу Түрікпен бас жүлдені иеленді.

2018 жылы жергілікті кәсіби және әуесқой суретшілер мен қолөнер шеберлерінің шығармашылықпен айналысуына, туындыларын насихаттауға мүмкіндік беретін, халықтың рухани демалатын Өнер арбағы ашылды.

2013-2019 жылдары мәдениет және өнер саласындағы халықаралық ынтымақтастықты дамыту мақсатында шетелдерге гастрольдік сапарлар ұйымдастырылып, облыстық филармония ұжымы Түркия, Өзбекстан, Ресей, Татарстан, Босния-Герцеговина елдері мен АҚШ-тың Нью-Йорк, Вашингтон, Біріккен Араб Әмірлігінің Абу-Даби қалаларында өнер көрсетсе, театр ұжымы Қазан, Түркия, Лондон, Эдинбург қалаларында өткен театр фестивалдеріне қатысты. Бұдан бөлек, таяу және алыс шетелдермен дипломатиялық қарым-қатынастар орнатудың 25 жылдығына орай 2017 жылы Әзербайжан Республикасында және 2019 жылы Қазақстанның Өзбекстандағы жылы аясында Өзбекстан Республикасында Қызылорда облысының мәдениет күндері ұйымдастырылды. 2019 жылы Н.Бекежанов атындағы қазақ музыкалық драма театрына «Академиялық» мәртебесі беріліп, театрдың жастар труппасының 9 жас маманы шығармашылық білімін жетілдіру мақсатында Орта Азия елдері ішінен тұңғыш рет Ресей мемлекеттік театр өнері институтында білім жетілдіру курстарынан өтті.

2013-2016 жылдары дәстүрлі өнерді жалғастырушы Сыр бойының 22 жыршы-жырауының орындауында Тұрмағамбет Ізтілеуовтің аудармасындағы Фердоусидің «Шаһнама» эпосының музыкалық антологиясы, фольклортанушы ғалым Алмас Алматовтың авторлығымен «Шынғыснама», «Жыр керуені» кітаптары, «Шынғыснама» музыкалық дастаны жарыққа шықты. Сонымен қатар, 2019 жылы Ресей музейлері мен архивтерінің қолдауында сақталған бірегей деректер негізінде «Хорезм экспедициясының Сыр өңіріндегі зерттеулерінің тарихы» атты кітап-альбомы, өңірдің 189 ескерткіші қамтылған «Сыр бойының сакралды ескерткіштері: мифтер, аңыздар, хикаяттар» атты кітабы шығарылды. Ал 2020 жылы айтыскер ақын Мұхтар Низов үш мәрте «Алтын домбыра» иегері атанып, «Алтын домбыра» Сыр еліне салтанатты түрде әкелініп, облыстық тарихи-өлкетану музейіне құнды жәдігер ретінде қойылды.

Жыл аясындағы өнер жетістіктері

Быылғы 8 айда облыс көлемінде 1 халықаралық, 10 республикалық, 35 облыстық байқау-фестиваль, мұшәйра, ақындар айтыстары ұйымдастырылды. Атап айтқанда, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Парасат»,



Қазыналы Қаратау алқабы мен сұлу Сырдың бойы шежіреге тұнып тұр. Олай дейтіміз, қазақ халқының басын құраған Ақ Орданың астанасы Сығанақ жатыр. Мұнда атақты Барақ, Әбілхайыр, Токтамыс хандық құрған. Әулие Қылышты мен Төлек ата, Хорасан ата, Үш ата, Қылауыз ата және көптеген бабаларымыз жатқан киелі жер. Мұнда Хисамеддин әл-Сығанаки өмір сүрген. Алпамыс батырдың әйелі Гүлбаршын сұлудың күмбезі «Көккесене» де Төменарық жерінде. Сондай-ақ Сауран, Өзгент, Аққорған, Орданент сияқты құм астында қалған көне қалалардың да тыңданған сыры мол, зерттеуге тиіс.

Қазақ жерінің түрік тайпаларының дүниетанымды VIII ғасырға дейін үш түсінікке жақын болатын: аспан (жоғарғы), орта (жер) және төменгі (жер асты), бұл Тәңір, Жер Су, Ұмай және зороастризм, түркі тәңіршілдігі ежелгі наным-сенімдерінен алынған түсініктерге сәйкес келетін. Олар адамның қоршаған әлемдегі барлық басқа тіршілік формаларымен байланысына сенді және сол кездегі негізгі дін зороастризм (тәңіршілдік) болды.

Қазақстанды исламдандыру толқыны VIII-XVII ғасырлар аралығында басталды. Ол кезде Саманидтер, Селжұқтар мен Қараханидтер мемлекетінің құрамында, яғни Орта Азия тұрақты жергілікті тайпаларға енді. Сол үш мемлекет басшыларының түркі тайпаларының тумаларынан құралған әскер қорғады. Ғылым мен әдебиеттің дамуына ықпал ету арқылы өнерді ынталандырды, осылайша ас-Сагани, әл-Физи, әл-Худжанди, Рудаки, Фирдоуси және Али ибн Сина (Авиценна) сияқты ғалымдарды тартты. Осы үш мемлекетте де Аббас халифаты сияқты басып алған жерлерде Ислам идеясы ханафи мазхабын тарата бастады. Мысалы, Селжұқтың үш ұлы сұлтаны Тогрул-бек, Алып-Арслан және Мелик-шах өздері жауынгер болып өмір сүрді. Ал рухани басқаруды, ішкі істерді халифқа, арабтарға берді, ал азаматтық білімді парсыларға тапсырды.

Шығыстанушы, философ Л.Гумилев «Тысячелетие вокруг Каспия» кітабында өзінен бұрынғы жазбаларға сілтеме жасай отырып, «рухани басшылар (халифтер, сайидтер, ақсүйектер), имамдар мен пірлер ұстаздық жасап, халыққа білім таратқан» деп жазады. Осы сөйлемде үлкен мағына бар сияқты, яғни Ханафи дінтанушыларының (қазіргі сөзбен айтқанда теологтар) исламның жергілікті мәдени дәстүрлермен, бейімделуімен, экономикасына, мәдениетіндегі және наным-сенімдеріндегі өзара әрекеттесуіндегі шешуші рөлі көрсетілген. Арабист-исламтанушы ғалым А.Муминовтың монографиясында VIII-XV ғасырларда Орталық Азия тарихындағы ханафи мазхабы теологтарының рөлі туралы айқын жазылған.

Сырдария бойындағы қалалар арабтарға 840-845 жылдары ғана бағынып, ислам дінін қабылдады. Белгілі араб тарихшысы ибн әл-Әсирдің келтірген мәліметтері бойынша 961 жылы Сыр бойындағы түркілерден 200 мың шатыр (үй) мұсылман дініне енген. Жайық бойын жайлап, Ыстықкөл маңын қыстап жүрген түркілер исламды тек 1045 жылы ғана қабылдай бастады. Осыған Ахмет Ясауи құрған «Сұлтанна» бауырластық тобының мүшелері аталысты.

Тағы бір бағытқа тоқтала кетейін, VIII ғасырда Омар ибн Абдул-азиз (Хазірет Омар (р.а.) екінші халиф) басқарғанда Ис-



Аллах көрсеткендей.

ҚЫЛЫШТЫ АТА ТАҒЫЛЫМЫ

лам дінінің күштілігін және пайғамбардың ұрпақтарын Сайидтердің (ақсүйектердің) рухани басқару рөлін көтерді. Ол қаржылық реформасын жасады: «...кімде-кім Ислам дінін қабылдаса хараджадан (жер салығынан) босатамын және саудадан түскен пайданы қазынаға төлеуді азайтам» деп бұйрық береді. Осы тапсырманың орындалуын қадағалау үшін Мауераннахр жеріне өзінің баласы II Омарды рухани патша ретінде жіберді. Осындай қаржы реформасы жергілікті халық арасында қатты қолдау тапты және пайғамбардың ұрпақтарына деген көзқарас жақсы жағына өзгерді, ханафи мазхабы теологтарының рөлі үстем бола бастады.

Сайид Бурханиддин Қылышты бабамыз XII ғасырдың аяғы мен XIII ғасырдың басында өмір сүргені жайында тарихта жазылған. XII-XIV ғасырлардағы тарихи кітаптарда Мұхаммед пайғамбардың (с.а.у.), асыл патшаның ұрпағы, әулие кісі, дінтанушы-теолог, патша, жауынгер билеуші, құрметті адам және т.б. нұсқада аталған.

Ресей тарихшысы, тарих ғылымдарының докторы, этнолог және антрополог С.Абашин: «Бурханиддин – (араб тілінде «сенім, дәлел» деген мағынаны берген) оның лақап есімі. Бұл рухани есімдер беделді адамдарға берілген. Ислам дінінің ханафизм бағытын ұстағандар, сондай-ақ мұрагерлік бойынша имам, шейх, садрид-Джехан және т.б. қызметтерді атқарған. Шамасы, бұл лақап есім XII және XIV ғасырларда өте танымал болған сияқты» деп жазады.

А.Якубовский өзінің «XIII ғасырдағы Тараби көтерілісі» туралы кітабында: «Ферғана алқабын Илек хан басқарды, шын мәнінде ірі қалаларда ешқандай билігі жүрген жоқ. Сол кездегі үлкен қалаларда билік рухани әулеттердің қолында, яғни Бурханиддин әулеттерінде болды» деп жазады.

Бурханиддин есімі сол кездегі Мауераннахр жерінде атақты династиядан шыққан адамдарға берілетін қосымша атақ деп есептелген.

«Тазкира-йи хаджаган» атты Шығыс Түркістандағы қожалар мен ишандар туралы жазылған

кітапта «Бурханиддин-Қылышты Өзгенттегі билікті, яғни патшалықты тастап Ходжент жеріне сопылық жолына түседі» деп жазады. Осылайша әртүрлі тарихи көздерінде оның түрлі бейнелері беріледі. Әрине, бұл тарихи жазбалардың әрқайсысы нақты тұлғаның болғаны туралы айтады. Сонымен, жазылған барлық ұсыныстар мен мәліметтерді ешкім де жоққа шығара алмайды, яғни өміршеңдік құқығы бар. Біздің бабамыздың бейнесі сол кезде өмір сүрген дәуір мен белгілі бір әлеуметтік ортаны, тұрғылықты жерді, халықты ислам дініне табындыру жұмыстарын жүргізгенін көрсетеді. Бұл дегеніміз – тарих ғылымы үшін құнды ақпарат және Қылышты атамыздың шынайы өмірбаяны.

Сайид Бурханиддин Қылышты ата мен Қожа Ахмет Ясауидің көзқарастары сәйкес келген. Өйткені сол кездегі бағыты ханафия мазхабын ұстайтындар арасында (сопы) басымдықта болған. XI ғасырдан бастап ислам діні жолындағы тәлім-тәрбиелік ордалар – медресе түбегейлі орнығып, исламдық руханияттық ахлақи (моральдық) ұстанымдар қалыптаса бастады. X ғасырда Отырар, Исфиджаб, Баласағұн, Ясы, Сауран, Сығанақ, Шаш, Сүткент, Өзгент (Сырдария қаласы), тағы да басқа Мауераннахр қалаларында ислам діні уағызшыларының белсенді әрекеттері саяси сипат алған. Қожа Ахмет Ясауидің еңбегі келмей тұрып, Исфиджабта исламдық фикһ (құқық) мектебі, ханафи мазхабының ондаған өкілдері өмір сүрді. Ясауи ілімі осы саяси-әлеуметтік, тарихи шарттарға байланысты қалыптасты.

Фуат Көпрулу өз сөзінде «Мутасуафтардың (сопылардың) өмірбаяны жайлы еңбектерде Ирак, Хорасан және Мауераннахр сопыларынан басқа түркі шейхтары деп жүрген сопылардың барлығы дерлік Қожа Ахмет Ясауи тарихатының шейхтары еді» дейді. Олар Орталық Азияда кең тараған сопылық діни-тақуалық идеялардың ірі насихатшысына айналды.

Сайид Бурханиддин Қылышты ата ежелгі тарихта жазылған мәліметтерге сәйкес «Сұлтанна-Ясауия» бауырластық тобында

болған. Сонда біздің бабамыз сопылық бағытын ұстанған жерне осы туралы ешкімге тіс қармаған деп Ашрафиддин сопы жеткізеді. Осы әңгіме туралы Әхмед Өзгенті өзінің ғылыми кітабында былай деп жазады: «Сайид Бурханиддин Қылышты ата бабамыз үш күн ішінде ғажайып түрде Ашрафиддиннің Құдайға деген көзқарасын өзгертті. Құдайды түсінудің даналығын үйретті». Қылышты атаның құдіретін, ғажайып ісімен, өткір сөзін (қылышпен кескендей) дәлелдегенін жазады. Осының бәрін мойындаған Ашрафиддин Бурханиддин Қылышты ата шәкірті, өзінің Өзгент қалашығында медресесі болған. Сонымен қатар, Әхмед Өзгенті бір сөзінде: «Бурханиддин Қылышты ата 55 жасында «Мурабба ас-салахин» («Тақуалық алаңы») атты кітап жазады. Бұл кітап Өзгент пен Андижан тұрғындарын әділ болуға шақырады» деген.

Бабамыздың Қылышты ата деген лақап аты қалай пайда болды? Мифология негізінде жазылған жана ауызша айтылған сөздерге келсек...

Бірінші, «өткір» сөзімен және тік қараған көзімен (қылышпен кескендей), құдіретті ісімен халық арасында өзіне лайықты ат қалдырған дейді. Бұл әңгімені Жамалиддин Карши өзінің «Мулхакаат ас-сурах» кітабында: «Мен Бурханиддин Қылыштының шәкірті Жамалиддин Иламишпен (Ашрафиддин) сұхбат жасадым, соның сөзі деп жазады».

Екінші, К.Караффа-Корбут өз жазбаларында: «Өзгент халқы 30 жастағы жігіттер мен қыздарды қаламызға тыныштық берсін деп айдаһарға беріп тұрған. Сонда біздің бабамыз айдаһарды жеңіп, Өзгент халқына тыныштық әкелген» дейді.

Үшінші, Н.Лыкошин басқаша жазады: «Бурханиддин Қылыш ағаштан жасалған қылышымен бір баланы байқамай өлтіріп қояды. Сонда жергілікті патша сенбей, бабамыз сол ағаш қылышымен бұқаны өлтірді. Сенде Алла Тағала берген құдіретті және қасиетті күш бар деп, оны Самарқандқа жібереді. Сол жақтан білім, ілім алып қайта оралады».

Төртінші, «Тазкира-йи хад-

жаган» кітабында былай дейді: «Өзгент патшасы Ілік Мағзым қайтыс болған соң, қызының баласы Бурханиддин Қылыш иеленеді. Өмірінің соңғы жылдары өз еркімен патшалықты тастап сопылық жолына түседі. Ходжакент қалашығына барып өмір сүреді, өзіне қарсы келген адамдар қайтыс болады екен».

Осы аңызды естіген ғұлама бір кісі бабамыздың үйіне келе берген кезде басына қылыш түсіп есін жия алмай қалады. Есін жинаған соң: «Қылышты екі жаққа сермедім, шыбындар мен қонындар құлады, кім кінәлі шыбындар мен қонындар ма, әлде менің қылышым ба?» деп сол ғұлама кісіден сұрайды. Халық арасында «Сайид Бурханиддинге қарсы шыққан залым адамдар өткір қылышынан қаза табады» дейді.

Бесінші, «Мәжму ат-таварих» мифологиялық негізінде жазылған. Өмір Темір патшаның түсіне төртінші халифа Әзірет Әли ибн Әбу Талиб кіріп, «мен Бурханиддин Қылышты әулие-ні қолдаймын және өзімнің Зүльфикарды соған тапсырдым» деген екен. Сонда Өмір Темір патша «Мұхаммед пайғамбардың (с.а.у.) ұрпағы Сайид Бурханиддиннен тарайтындар ұрпақтарын құрметтеу керек» деген. Олар Мұхаммед пайғамбарымыздың (с.а.у.) қылышын бізге сақтап әкелген.

Осыдан кейін Сайид Бурханиддин Қылыштың ұрпақтары деп атап кеткен. Осы әңгіме Сайидпидин молда мен оның ұлы Новруз Мұхаммедтің XV ғасырдың аяғы мен XVI ғасырдың басындағы «Мәжму ат-таварих» қолжазбасының парсы тіліндегі кітабынан аударып жазған.

Алтыншы, «баба ақ боз атқа мініп, жалт-жұлт еткен қылышын жоғары көтеріп, мың бір бөлеге қылышын сермеп қарсы шыққан, баба өзінің кереметін қылыш арқылы көрсетіп отырған. Көрсеткен кереметіне байланысты бабаға «Қылыш» деген лақап ат берілген» – дейді.

Бұл сөзді бізге бабадан атаға, атадан әкеге, әкеден балаға айтып келе жатқан әңгімелерден алдым (елге белгілі Есқожа көкеміз айтып отыратын).

Жетінші, «Қандия», «Жамеулямахамад» және басқа да көне тарихи кітаптар бойынша Сұлтан Сайид Бурханиддин Қылыш бабаның ашуы өте қатты болған, төбесінен құс ұшырмаған. Әдепсіз сөз сөйлегендер сыртынан ғайбат сөз айтып, тіл тигізгендер қауіп-қатерге ұшырап, тіпті өмірі үзіліп, көз жұмғаны туралы аңыздар мен әфсаналар жеткен. Осылайша көрсеткен кереметтеріне байланысты өз заманының әулиесі атанған.

Низам ад-дин аш-Шамидің «Зафарнама» кітабына сәйкес Ферғанада болған кезде Өмір Темірдің түсіне Сайид Бурханиддин Қылышты ата кіріп, оған үлкен ұлының өлімі туралы ескерткен екен. Әулиеге табынушылық дәл осы Өмір Темір кезінде қалыптасты.

XIII ғасырдың соңғы жылдарынан бері Орта Азия алқабында және қазіргі Қазақстан жерінде ең асыл адамдар төре, содан кейін сайидтер, қожа, т.б. болған. С.Абашин өзінің «Потомки святых в современной Средней Азии» мақаласында былай деп жазады: «XV ғасыр мен XX ғасыр аралығында Қазақстан жерінде ислам діні толықтай монорелигия болып танылды. Әр түрлі мүмкіндіктің қазынасына біз білеміз».

С.Абашин өзінің «Потомки святых в современной Средней Азии» мақаласында былай деп жазады: «XV ғасыр мен XX ғасыр аралығында Қазақстан жерінде ислам діні толықтай монорелигия болып танылды. Әр түрлі мүмкіндіктің қазынасына біз білеміз».

Сонымен қатар С.Абашин өзінің еңбегінде: «Ақсүйек өкіл-

дері тек дін саласында ғана емес, заман сот жүйесін насихаттаушылар ретінде мұсылман қоғамында айрықша маңызды рөлін көрсетті» деп жазады. Ал ұрпақтары жалпы экономикада маңызды функцияларды атқарды, олар ірі жер иелері, колонер өндірісін ұйымдастырушылар, кәсіпкерлікпен айналысқан, сауда-саттық жұмыстарын да қолға алған.

А.Чулошников 1924 жылы «Очерки по истории Казах-Киргизского народа в связи с общими историческими судьбами других тюркских племен» атты өзінің мақаласында былай дейді: «Моңғолдардың қысымымен Қыпшақтар басқа аймақтарға қоныс аударды, Наймандар мен Керейттер де сол жаққа кетті. Бұл олардың туған жерінде халықтың азаяуына, экономикалық әлеуеттің әлсіреуіне әкелді. Моңғол жаулап алуы, әсіресе Жетісудағы қалыптасқан этносаяси құрылымды қатты бұзды. Қала мен ауыл тұрғындарының бір бөлігі бытырап, басқа жерлерге кетті, бір бөлігі шаруашылық түрін өзгертті». Шығыс және Жетісудағы жергілікті этнотайпалар Қыпшақтар, Наймандар және басқа тайпалар оңтүстікке көше бастады.

Шөкәрім Құдайбердіұлы өзінің еңбегінде Наймандардың қоныс аударуы туралы былай дейді: «Найман, Жалайыр, Керей сияқты тайпалар Шыңғыс хан шапқыншылығына дейін Шығыс Қазақстан, Оңтүстік Сібірді, Батыс және Солтүстік Моңғолияны мекендеген». Осы түркі тайпалары моңғол шапқыншылығынан көшіп қашуға мәжбүр болады, кейбіреулері жерін қимай моңғолдарға тәуелді болып қалады. Сол заманда Төлегетай баба көш бастаған батыр, елдің қамын ойлайтын беделді де батыл кісі, елге қамқор, өз тайпасының бірлігін ойлаған қайраткер болған. Баба жайлы ең алғашқы қалам тербеген Мұхаммеджан Тынышбаев болатын, ол өзінің «Қазақ тарихына қатысты материалдар» атты 1925 жылы кітабында жазған. Ол атамыз туралы біраз тарихи мәліметтер келтірген. Қай деректерді алып қарасақ та, діни сауаты мол, кереметер жасай алатын қасиетке ие жан екеніне көзіміз жетті. Өмірде Төлегетай баба Сүйінішұлы – аты Алашқа мәлім Найман бабаның (Ақсопының) ұрпағы. Найманнан Белгібай тараса, одан Сүйініш туады.

Бізде бала кезімізде қариялар айтатын «Қылышты ата бабамыз Төлегетай бабамыздың әулиелік құдіреті бар екеніне көзі жетеді. Бір күні суусыз құм ішінде Төлегетай бабамыз аса таяғымен жер сызып, су шығарып, қой суарып жүр екен, осыны көрген Қылышты бабамыз асырап алған қызын беріп, күйеу бала етеді. Қылышты ата бабамыз дүниеден өтерінде, келешек ұрпағына өсиет қалдырады: «Менің жаным Төлкті қойыңдар, зияратқа келген адам бірінші оның есігін ашып сәлемдесіңдер, сосын маған келсін дұға оқуға» деген екен. Бұл – ұрпақтан ұрпаққа айтылып келе жатқан шежіре. Аты аңызға айналған Төлегетай баба Сайид Бурханиддин Қылышты атаға өкіл бала болып, сол әулеттің тәрбиесін алады. Міне, Қылышты атаның өкіл қызына ұлынған Төлегетай осылайша қалың Найманның түп бабасы болып шығады.

Сайид Бурханиддин Қылышты ата мен Төлегетай бабамыздың XII-XIII ғасырларда Ислам дінінің қалыптасуына және оны сақтап қалуға үлес қосқаны хақ.

Шыңғысбек СҰЛТАНБЕКОВ,
тарих ғылымдарының кандидаты,
сарапшы-талдаушы

ЖАҢА МАУСЫМ

КӨРЕРМЕН ЖАДЫНДА ЖАҢҒЫРҒАН КЕЙІПКЕР

Н.Бекежанов атындағы облыстық қазақ академиялық музыкалық драма театры 69-маусымын ашты. Кеште «Көрүғлы» драмасы алғашқы қойылым ретінде көпшілікке ұсынылды. Спектакльдің қоюшы режиссері – Мәдениет қайраткері Оңталап Нұрмаханов. Маусымның ашылуында театр басшысы Мұхтар Ниязов пен Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, режиссер Хұсейін Өмір-Темір сөз сөйлеп, көрермендерге игі тілектерін жеткізіп, спектакльдердің құрметті қонағы болуға шақырды.

Сb Айдар САЙЛАУОВ, «Сыр бойы»

Қойылым оқиғасында тарихи, аңыз-әпсаналық мәліметтер негізінде Көрүғлының халықтық тұлғасы сомдалды. Одан түркі тайпаларының этникалық сана-сезімі аңғарылды. Басты мақсат – туыстас халықтардың басын біріктіру, бірлігін нығайтып, қарым-қатынасын жаңғырту. Автор шабыт пен тың идеяларды тоғыстырған өнер туындысын дүниеге әкелген.

Қойылым декорациясының көркемдік шешімін қойған «Алатау» дәстүрлі өнер театрының суретшісі А.Жүсіпәлі, компо-

зиторы Н.Төрәлі, балетмейстері, мәдениет саласының үздігі Г.Дәулетқұлова.

«Көрүғлы» дастаны төрткүл түркіге ортақ. Дәуірлердің көзі. Тегіміздің, негізіміздің руханияты. Сол арқылы түрік халқына ортақ сөз айтсақ деген ой мазалады. Осы идея толымды дүние жазуға алып келді. «Ертіріктің ұрпақтары берігейік, бірлесек бізді жау ала алмас» деген Түркия президентінің ұсынысы, рухани ұраны толғандырды. Кеңесші ретінде жанымда Алмас Алма-

тов болды. Түрлі ізденістер, музыкалардың характерін табуға Нұрсұлтан Төрәлі өзінің нағыз талант екенін танытты. Би қойылымдары да ерекше шықты. Көрүғлы бейнесі сахнада тұңғыш рет сомдалып тұр. Қойылым өз биігінде көрерменге ұсынылды. Рөлді ойнаған жігітіміз де бар өнерін салды, – деді О.Нұрмаханов.

Қойылымда Бекторыны Гүлмира Берікбай, жырауды Бақытбек Темірбеков, Ақалайды Ақтолқын Төлеуова, бала Көрүғлыны Ерали Жақсығұлов, Қайып еренді Ұғым Баймаханов, Шағдат ханды Қанат Архабаев, Пәрманды Бауыржан Ошақбаев, үздікті Данияр Сабыров, Раушанбекті Арай Көшімбаев, Райханды Батырхан Амангелдыев, баланы Төлеген Өмірзақ сәтті сомдап шықты.

«Театр – өмірлік сұрақтарға шешім табатын жер» деген төзімсіз теріс пікір айтып көріңіз. Бұл ойды құптамас, әрқалы қарсылық танытпайтыны анық. Өйткені, өмір бейнесін қаз-қалпында суреттейтін, адам жанын сипаттайтын

өнердің осал емес екенін ел біледі. Руханиятпен тыныстау үшін театрдың тигізер ықпалы орасан. Жер басып жүргеннің жүрегінде селт етпейтін сезім, көңілде көркемдігі, танымды таныр түйсігі болмаса бәрі бекер. Ал өнер үйінің өнегесі қым-қуыт тірлікті ұмытып, онашада ой бағуға мүмкіндік береді.

Мазмұны мәнге толған қойылым өз көрерменімен зенгір көкке көтеріліп, ыстық ықылас пен құрметке бөленеді.

Театрдың қызу жұмысы басталды. Алдағы уақытта да көрерменнің қозғаймына айналып, өнерімізді ортаға саламыз. Жаңа маусымды «Көрүғлы» қойылымымен ашық. Сонымен қатар, жақында көпшілікпен жағымды жаңалықты бөлісеміз, яғни, театр артисі Қанат Архабаев жастарға арналған комедия қоюды жоспарлауда. Өзім де тың идея мен жаңашылдық негізінде, мелодрама жанрында қойылым қоймақпын. Қысқасы, театр сахнасын түрлендіру мақсатында тер төгіп, ізденуден жалықпаймыз.

Негізі артист білімнен безінбей, өзін жетілдіргенде ғана жетістікке жетеді. Сонда ғана жалаң жаттандылықтан арылып, кәсіби тұрғыда дамыды. Жыл сайын ұйымдастырылатын «Жазғы театр мектебі» – зор мүмкіндіктің алаңы. Ресейде 95 артистің басын қосатын оқула елімізден үш артист қабылданған өттік. Тәжірибе жинақтап, соның нәтижесінде Сыр еліне жана қойылым ұсынбақпын. Театр қабырғасында жемісті еңбек етіп, көрерменнің ықыласына бөлену – мен үшін мәртебе, – деді театр артисі Санат Жүзбай.

Бала күнімде қисса-дастандарды көп оқитынмын. Бір жағы әкемнің кітапқа деген махаббатымды ашқаны болса, екінші жағы үйде 100-ден асқан әжем бар еді. Сол кісіге оқып беретінім. Бір кітапты қайталатып оқытатын. Жалыққаннан әжемің көзі көрмейтінін пайдаланып, кейде бір бетін тастап келесі бетін ашып оқып кетсем, марқұм әжем: «Балам-ау көп жерін қалдырып кеттің ғой» деп, тастап кеткен жерімді

өзі айтатын. Сонда: «Әже, сіз бұл қиссаларды жатқа білесіз, неге оқыта бересіз» дейтінім. Сонда әжем: «Білмейтінімді оқытсам осылай кей жерін оқымай кетесіңдер ғой» деп күлетін. Шындағында әжем біз жанында отыра бергенімізді қалаушы еді. Әжемің арқасында біраз қисса, дастан, жырларды біліп өстік. Соның бірі «Көрүғлы» еді.

Қойылым болады дегенде көз алдыма бала кезімде кітапты оқып отырып алатын әсерлерім келді. Әсіресе, Көрүғлының анасымен қолтасатын сөлі... Осы бір бала күнімнен жалында бар хикаяны қызым да көрсін деп, театрға алып бардым. Себебі, театр – ол бір бөлек өнер, бөлек әлем, – деді көрермен Жанар Бимұратова.

Спектакль сонындағы өнер иелеріне деген көрерменнің ыстық ықыласы мен риясыз қолшеметі қойылым дегенінен үн қатады. Бұл – Сыр сахнагерлерінің кезекті мәуелі жемісі. Осылайша қайта тірілген «Көрүғлы» жаңа маусымда да көрермен көзіайымына айналды.

ТӨЛЕГЕТАЙ БАБАНЫҢ МОЛ МҰРАСЫ

Аға ұрпақ ататек шежіресін жақсы білгенмен, арамыздағы жастар қауымына Төлегетай бабамыздың тарихнамасы беймәлім. Сондықтан оның өмірге келген кезеңіне қысқаша тоқтала кету орынды болмақ.

Жалпы қазақ рулары, соның ішінде, Наймандар жайында сонау 1920 жылдары алғаш зерттеу жүргізген кәсіби тарихшылардың бірі Мұхамеджан Тынышбаев екені баршаға белгілі. Алаш ардақтысы өзінің 1925 жылы Ташкентте жарияланған «Материалы к истории киргиз-кайсацского народа» деген шағын кітапшасында «менің әкемнің айтуынша, Төлегетай 16-шы атам» деп нақты дерек келтіреді.

Шежіре деректерін салыстыра қарағанда, бабамыздың тегі былайша өрбиді екен: «Найман атамның 2 әйел алыпты. Қырғауыл есімді бәйбішеден Ақсақал, Үйелеш, Күйелеш деген үш бала тарама, Шүнірекей есімді кіші әйелінен Тоқпан атты бір ұл бала болады. Түп атамның осы 4 баласы да жаугершілік заманда қаза тауып, Тоқпанның жесірі Әлпеш анамыз (бір деректерде Ақсулу) ұрпақ қамын тереңнен ойлап, атасын баптап, күтіп, әйел өперді. Содан 87 жастағы Найман атамның бір бала өмірге келіп, «артымда қалған белгі ғой» деп сәбидің есімін Белгібай қойған екен. Кейбір жазба деректерде қарағанда осы Белгібай Өкіреш Найман аталады. «Өкіреш» сонау ғұндар заманынан бері айгілі тұлғалардың айбынын, қуаттылығын білдіретін байырғы атақ болған.

«Қазақ әдебиеті» газетінің 2021 жылғы 6-нөмірінде Камал Әбдірахман бауырымыз «Төлегетай баба» деген мақаласын жариялады. Сол мақалада таратылған шежіреге сөйкес, «Өкіреш Шулдін Белгібай, одан Сүйінші (Сүгірші), одан Төлегетай, одан Қытай. Қытайдан бүгінгі 11 ата Найманның төртеуі Қаракерей, Садыр, Матай, Төртуыл тарауының ата көрсетеді. Осы деректердің ішінде өз басым біздің ағайынның мұрасын зерттеуге бар шығармашылық ғұмырын арнаған халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Қабдеш Жұмаділов ағамыздың ой-орамдары мен зерттеу нәтижелеріне ден қоямын. Ол кісінің «Академиктің көз жасы» деген кітабында «Найман Ана» атты повесі бар. Сонда повестің бас кейіпкері Айжарықтың аузымен айтылатын соны дерек беріледі. Ол бойынша: «Тарихтан белгілі, Наймандар – Шыңғысханның бұрын да өз алдына хандық құрған, Иналғы Білге қаған, Байбұқа қаған (Таян хан), Бұйрық хан, Күшілік хан секілді хандары болған, іргелі ел ғой. Шыңғысхан кейін жазу-сызуды да, Тата Тұдқа секілді оқымисты хатшыны да осы Наймандардан алған. Өріс-қонысы аса кең: Хангай тау мен қазіргі Алтай, Тарбағатай арасын тұтас жайлаған алып мемлекет» дейді. Бір ескертін нәрсе, баяғы Шыңғысхан заманындағы Наймандар мен қазіргі Найман ұлысының құрамы, оған кіретін рулар бірдей емес. Түп-тамыры бір болғанымен, тағдыр-талайы, өріс-қонысы, тарихтан алатын орны әр басқа. Олай болғанымен, Күшілік хан жеңілген соң, Шыңғысхан Наймандарды бүкіл Азияға тарыйдай шашып жіберді. Қағанның өзіне көп қарсыласқандарға тісі басулы болатын. Меркітті мүлде ел болудан айырды да (олар кейін Абақ Керейдің бір табына айналып кетті), саны мол Наймандардың бір жерде жыны отыруынан қауіптеніп, ұлыс-ұлысқа бөліп жіберді. Жошы, Шағатай, Үгедей ұлыстарына телімге берді. Бір бөлімі қолбасшы Кетбұқаның соңынан еріп, араб, парсы елдеріне дейін ұзап кетті. Қол санды құраған негізгі бөлігі өзбек, ноғай, қарақалпақ, түрікпен, әзербайжан, татар-башқұрттардың құрамына кірді. Ал кейін қазақ хандығының бір ұстыны болған Наймандар – Жошы ұлысында қалай қойған бөлігі деп өңгімесін аяқтайды.

Шежіре таратқанда шатасулар болмас үшін осы повестегі Өкіреш бабамызға қатысты мәліметті де келтіре кеткенім жөн. Онда: «Өкіреш Ақсопы шалдың баласы ғой. Бала-сынын азан шақырып қойған аты – Белгібай. Тоқсандағы қарттан туып, ісіс Найманға ата болған жалғыз ұл осы емес пе? «Тоқсандағы шал жас сұлудың қойнында өкіріп барып өліп кетті. Содан туған баласынын атын «Өкіреш» қойыпты» деп, кезінде іргелес тайпалар сансқа жүгіртсе керек. Біз, бөріміз сол Белгібайдан тараймыз. Ақсулу әжеміз кейін қайынысы саналатын Белгібаймен некелесіп, одан Сүйінші атты ұл тумай ма?! Сүйінштен біздің бабамыз Төлегетай туады. Төлегетай әулетін Бөйбіше Наймандар деп атайтыны содан. Белгібай одан кейін де бірнеше әйел алады. Кіші әйелдерінен Сүгірше, Серікбай, Кетбұқа, Келбұқалар тарайды. Ақсопының шөбересі Төлегетай – өз Жәнібектің оң қол үздірінің бірі. Демек, аталған қырғыннан кейін Наймандар Шайбанилер ықпалынан шығып, жаңа құрылған Қазақ хандығына қосылғанын көреміз» деп жоғарыда біз келтірген деректерді растай түседі.

Бұған қоса, көне деректердің көзін кең ашқан деректанушы-тарихшыларымыздың бірі, қаламы қарымды жазушы Әнес Сарай «Көнеліктер» атты кітабында мынандай мәлімет береді: «Дешті Қыпшақтағы аумалы-төкпелі кезеңдерде бет-бетіне бытыраған ру-тайпа кебін Наймандар да киді. Әбілхайыр жасағындағы Найман мен Өкіреш Найман қауымы бір-біріне қосақталмай, жеке дара айтылады. Шыңжан өлкесінің халықтық ауызекі шежіресі Өкірештен Төлегетай мен Сүгіршіні таратып, Қаракерей, Төртуыл, Садыр, Матай, Ертекі, Балталы, Қоқжарлы, Сарыжомарт, Бұра аталарын осы қауымға қосады. Шыңғысханмен 20 жылға жуық соғысқан Наймандар ең көп шашылған ел еді. Олардың бір бөлігі Ақсақ Темірдің қолында болды. Найманның Ақбұға әмірі – Ақсақ Темірдің сенімді серіктерінің бірі. Шахрисабзде оған о дүниелік жай әзірленгенде, оған Темір жанынан орын бұйырған. Ақбұға несілі 16 ғасырда Мавереннахрда отырды. Орта Азияға сіңіп, ақыры өзбек болып кеткендер, асылы осы ұрпақ. Ал екінші тобы Шайбанның иелігінде болды. «Зубдат ал-Асар» деректерінде, «Бату ісін Шайбанға 4 тайпа ел сыйлаған, олар: Қосшы (құсшы), Найман, Бұйрақ және Қарлық. Бұл топ – Әбілхайыр, Мұхаммед Шайбани тұсында көшпелі өзбек хандығының туын көтергендер. Олар хан ордаға өте жақын болған. Шайбани әулетінің ең соңғы ханы Абдаллах

тұсында да (1561-1598) саяси күрестерге қызу араласып, әмір дәрежесіне көтерілген Найман Жандәулет бп қазіргі Ауғанстанның Андохй уәлаятын билеп тұрған. Шайбани әулетінің бағы таюына байланысты биліктен шеттетілген бір бөлігі кері лықысып, Сыр бойына келіп тұрақтап қалған сыңайлы».

Бұл жерде Қабдеш Жұмаділов пен Әнес Сарайдың мәліметтері бір-бірін толықтырып тұр, қайшылық байқалмайды.

Ендігі кезекте Төлегетай бабамыздың рухани және саяси мұрасына, яғни атқарған қызметтеріне қысқаша тоқталсақ. Қолда бар жазба деректерде, ел ішінде сақталған ауызша әңгімелерде, сондай-ақ бірқатар фольклор материалдарында Төлегетай (Төле, Төлех ата деп те айтылады) бабамыздың ел басқару ісіне ертерек араласқаны айрықша айтылады.

Оның билік тізгінін ұстауға бейімділігі ерте байқалыпты. Жас кезінен зеректік танытып, кейбір даудың алдын алып кететін қабілеті де ерте танылған көрінеді. Мәселен, ел ішінде кең таралған аңыздардың бірінде бабамыз бала кезінде байдың баласы бола тұра басқа қатарластары сияқты қозы бағады екен. Бір жиында ұстаз-қожаларының бірі:

– Өткенде Төле менің малымнан 10 марқаны бөліп әкетті. Себебін білгеніңіз бар ма? – деп сұрапты.

Әкесі бұл жайдан хабарсыз екен. Баланы шақыртып сұрағанда:

– Алдым. Әнеүкүні дариына жағалай жұтаң ауыл келіп қонды. Содан қожалардың қойынан таңдап ерулікке он марқасын бердік. Қожаға «қозыларыңды қой болып өсіп жатыр» дегенім. Бұл – он. Ал рұқсатсыз алған айбымыз әкем өтесе, он үш, – дейді. Сөйтп, өзіне-өзі билік айтты, көпшілікті ділмарлығымен таңғалдырған екен. Бұл оның сірә, ел ісіне араласудағы алғашқы тәрелігі болса керек.

Бабамыз жер жасына жүйрік болған, жері құмшауыт, суы тапшы келетін өңірде «мына жерден су шығады» деп тағзымен нұсқаған жерінен су шығады екен. «Төңірегіңе абай бол», «Төрт құбылдан жан жазба», «Төрт көзін түгел болсын», «Көштерің қатар, түтіндерің қосылып тұрсын», «Бір-бірінен от сұрай жүріңдер» деген өсиетін халықтың бірлігі мен тұтастығын нығайтуға жиі қолданған. Жиендерге қырық серкеш беру де Сүгірші, Төлегетай балаларымыздан қалған дәстүр деседі. Жоғарыда келтірілген Зейнолла Сәніктің жазбаларына сүйенсек, Төлегетай баба 14-15 ғасырлар бедерінде Өзгент қаласына датқа болып, осы өңірдегі елге белгі жүргізген. Соның ықпалымен кейін Төлегетай әулеті Арқа өңіріне қоныс аударса да, оның ұрпақтарынан Жандықұл би, Байғана би, тіпті кейінгі Нарынбай биге дейін Ташкент қаласына билік жүргізген.

Сыр өңірінде тараған әңгіме-деректерде Төлегетайдың әкесі Сүйінші атамның жайында «Сүйіншінің малы көп пе, даланың аңы көп пе?» деп оның бай адам болғаны айтылады. Төлегетай жасында күп оқыпты. Оны датқалық деңгейге көтерген осы білімдарлығы да шығар. Бірде әкесі баласынан: «Балам, далада ешкі қайырған дауыс не?» деп сұрапты. Сонда жас Төлех «Серкелердің санына жете алмай жүрген жиендер ғой» деп жауап беріпті. Әкесі: «Е, онда тілеу – анадан, тіреу – әкеден» деген бар еді. Саған ана тілегі дарып, атаның күші асқар бел болсын, жиеннің назары ана тілегінен қағыс қалмасын! Қырықтың бірі – Қызыр. Сол шіркіндердің әрқайсысына 40-тан серке бөліп беріп, алдына салыңдаршы! Сонда олардың өзі кеткенмен, көңілі қораңнан шықпайтын болады» деген екен. Қазақтағы жиенге қырық серкеш беру салтының зыя дерегі осы.

Бабамыздың жасы келген шағында балалары «Қазылық қиын ба, датқалық қиын ба?», «Ұлдың жаманы қандай? Қыздың жаманы қандай?» деп жөн сұрапты. Сонда бабамыз: «Қазы елдің арқасында күн көреді. Ал датқа елдің күнкөрісін қалай түйейтін дегенді ойлайды. Сондықтан қазыны ел асырайды, елді датқа асырайды» депті. Екінші сұрақтарына «Ұл жаманы үйге, қыз жаманы қиырға» деген аталарымыз. Ұлың жаман болса, әрі дегенде ауылға зиянын тигізеді. Ал, «қыз жаманы қиырға» дегеннің астарында «ол бір емес, екі елді бұлдіреді, азаматтардың абыройына нұқсан келтіреді» деген сөз жатыр. Жақсы атаны жат елде жаман атқа қалдырады. Адам даңқы, айналасына жаққан соң барып, аспандан көтеріледі. Дүниеде сол даңқына дақ түсіретін мерез өзің мекіреніп іскенген ұрпағыңнан шықса, одан өткен жамандық болмас» депті. Осы сияқты бабамыздың заманынан қалған негесе Төлегетай ата айтыпты деген ауызекі әңгімелер ел арасында әлі де баршылық.

Келесі қысқаша мысалдар Төлегетай бабамыз бен Қылышты атаның достығы, ынтымағы жайында болмақ. Өздеріңізге белгілі Төлегетай Қылышты атаның күйеубаласы болған. Ол кісі қайын атасы ғана емес, бабамыздың ұстазы болғанға ұқсайды. Бір деректе Қылышты ата: «Мен білетінімді саған айтып болғаным, ендігі жерде жастарға білім үйрету саған аманат. Алла берген олжаға ел болғанда, аумағыңды ұмытпа» депті.

Қылышты ата ермеке қасиетке ие әулие адам болған деседі. Халық арасына тараған аңызға сүйенсек, көлікті адам көлігінен түсіп зиярат етпесе өзі немесе аты майып болады екен. Қылышты атаның әкесі Камаладдин Меккеден келіп, Қырғызстан шаһарының патшасы Әбубәкір Сыдық ұрпағы Ілгі мағзұмның қызына үйленеді. Содан көп кешікпей Меккеге қайтып кетеді. Шешесінің ішінде қалған Қылышты ата ержетіп, өз уақытында билік тізгінін ұстаған. Үздірлері мен билері алдына келгенде қылыш күн сәулесіне шағылысып, жүзіне қонған шыбын екіге бөлініп түсе беретін болыпты. Онысы «Кімде-кім адал болмаса осындай жаза алады» дегені екен. Міне, осыдан бастап Қылышты ата атаныпты.

Төлегетай бабамыздың датқалыққа сайлануы оның білімдарлығын, ел басқару ісіндегі хакімдік әлеуетін көрсетсе, қазылық жасауы ислам дінінің шарттарын жетік білгенін аңғартса керек. Мақаламды бабамыздың Қытай есімді жалғыз баласы 38 жасында дүниеден өткенде «Әке өліп, бала қалса – мұратына жеткені, бала өліп әке қалса – дерті ішінде кеткені» деген аталы сөзімен аяқтаймын келеді. Ұрпақтарымыз аман, ел мерейі еңселі болғай!

**Серік ДҮЙСЕНБАЕВ,
облыстық ардагерлер кеңесінің
төрағасы, «Құрмет» орденінің иегері**

САҚТАПБЕРГЕН ӘЛЖІКОВТИҢ ТУҒАНЫНА – 100 ЖЫЛ

СӨЗ ЖАРЫҒЫ СӨНБЕЙДІ



Айша, перзентке алдым

Бұл – белгілі сатирик Көпен Әмірбектің ұстазы Сақтапберген Әлжіковтің «Сырдария кітапханасы» сериясына топтастырылған шығармаларына жазған алғұсөздің тақырыбы. Ұстазы туралы шәкіртінен асып айта алмасыз деп осыған тоқталдық.

**Сб Айсәуле ҚАРАПАЕВА,
«Сыр бойы»**

Сатира әдебиеттің басқа да жанрлары секілді, адамзаттың рухани әлемінде үлкен рөл атқарады. Қоғамдағы жағымсыз болмыс, адам бойындағы ұнамсыз мінез-құлық, әдепсіздік пен төртпісздікті сынап, келемеж етіп, халыққа одан бойын аулақ салуды насихаттайды. Бірақ бұл жанрда кейінгі кезде қалам тербейтіндер өте аз. Сыр бойында сатира жанрында жазған Асқар Тоқмағамбетов, Қалтай Мұхамеджанов, Сақтапберген Әлжіков сынды айгілі қаламгерлерді атауға болады. Ал бүгінде Қайырбек Мырзахметов, Қазыбек Әшірбек, Нұрмахан Елтай, Орынбасар Әлжіков ағаларымыздың өзіндік қолтаңбасы ерек.

Қазақтың қай ақын-жазушысы болмасын сатираға соқпай, оны шығармаларына арқау етпей өткені кемде-кем. Солардың бірі – сатирада сара жол салған, тапқыр тілді Сақтапберген Әлжіков. Бұл есім менің балалық санамда жатталып қалған. Себебі өзін білім алған Қызылжарма ауылындағы №144 қазақ орта мектебіне осы кісінің аты берілген. Дәптерімізді толтырғанда ең бірінші «Сақтапберген Әлжіков атындағы...» деп бастайтынымыз. Кейін Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетіне оқуға түскенде «Қазақ журналистикасының тарихы» сабағында оны мен жақынырақ танысып, шығармаларын оқыдық.

Қазақ сатира жанрына өзіндік қолтаңбасымен келген, артына өшпес мұра қалдырған, өзінен кейін талай сын сардарларына ұстаз болған қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі Сақтапберген Әлжіковтің туғанына биыл 100 жыл толды. Шәкірттері жазған сағынышты естелік әңгімелерден ол кісінің адами болмысын, қазақ сатирасындағы орнын, адамгершілігін, еңбекқорлық қасиетін көруге болады.

Жалпы, Әлжіковтер әулеті өзінің еңбегімен, білімімен, өнерімен Сыр еліне белгілі. Ол кісінің әкесі Әлжік ақсақал мен анасы Науат апа елге қадірлі, сыйлы, турашыл жандар болған. Әкесінің аты бағбандықпен танылып, ел ағасы айналған. Қызылжармада жеміс-шөкпе бағын баптағанын, ішіне кірсе шыққысыз жасыл желекке оранған бау талайлардың демалыс орнына айналғанын әжемнен естігенім бар еді. Себебі менің әжем Әлжік ақсақалдың баласы Сақтапберген атамен бір сыныпта оқыған екен. Қызылорда қаласы еліміздің астанасы болған жылдары Әлжік атамыз С.Мұқанов, Б.Майлин, С.Сейфуллин, А.Тоқмағамбетов келіп, сонда шығармаларын жазған деседі.

Еңбекпен ерте есейген Сақтапберген Әлжіковтің балалық, жастық шағы өте қиын болған. Өткен ғасырдың отыншы жылдарындағы алапат ашаршылық, 1937-1938 жылдардағы зиялыларымызды жа-

зықсыз ажал күштырған қуғын-сүргін бұл кісінің өміріндегі ең керемет кезеңдерді ұрлады. 1941-1945 жылдары сұрағыл соғысқа аттанып, қан майданнан аман-есен елге оралған. Қиындықтарға мойымаған талантты тұлға жоғары білім алып, қызметке араласып, қазақ сатирасы тарихында өзіндік қолтаңбасын қалдырды.

С.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетін тәмамдап, туған еліне келіп, «Ленин жолы» газетіне қызметке тұрды. Кейін Алматыға ауысып, «Ара-Шмель» журналында әдеби қызметкер болған. Сақтапберген Әлжіковтің есімі осы журналмен қатар аталуы заңды. Себебі қырық жыл осы жерде жұмыс істеп, әдеби қызметкерден бастап, бас редакторлыққа дейін ескен.

1966 жылы ақпан айында Қазақстан Компартиясы Орталық комитеті секретариатының шешімімен республикалық «Ара-Шмель» журналының жауапты хатшысы, 1979 жылы осы журналдың бас редакторлығына тағайындалған. Сатирик халқының бүгін мен ертеңіне, айналда болып жатқан сан қырлы құбылыстарға жайбарақат қарай алмайды. Орайы келгенде ұятты тілімен сын найзасына түйреп, қоғам өміріндегі мүлт кеткен кемшіліктерді, кейбір жеке адамдардың жағымсыз қылықтарын әшкерелеп, тоғышарлыққа тапқырлықпен жауап қатып, туралықтың, әділдіктің, шыншылдықтың үлгісін таныта білді. Әсіресе, «Араның» уына іліккендердің қайсысы болса да ешбір лауазымына қарамай тиісті жазасын алады екен. Осы журналда қызмет істеген жылдары 5 министрдің орнынан кетуіне себепші болғанын ол кісі жайлы жазылған естеліктерден кездестірдік. Шәкіртінің бірі Көпен Әмірбек ұстазы жайлы былайша қалам тербетті.

– Мәссаған, «Ара» журналының бас редакторы – Сақтапберген Әлжіков! Өмір бойы жауапты хатшы боп істегендіктен бе, біз о кісіні редактор болады-ау деп ойламаппыз. Келе сала сатирадай қаһарлы қарудың күншіл байқағты. «Сатира – зеңбірек, зеңбірекпен торғай атпаңдар» дейді. Сөзең небір аузынан от шашқан айдаһарларды нысанға алды. Аудан, облыс көлеміндегі басшылар былай тұрсын, анаған быныған арқа сүйеген үлкен-үлкен лауазым иелері «Араның» табалдырығын тоздырып жатып... Жан беру оңай ма? Айналайын, «Аражан», бізді жаза көрме, жазғыра көрме!» деп әлі дәуірдің жалыншыты күй кешкені көзіміз көрді.

Сол кезде «Ара» ылғи шаға бермейді, кейде бал жинайды деген сөзі көпшілікке таныс тіркеске айналды. Жауапты қызметті еңбек демалысына шыққанға дейін атқарған. Журналда жүріп, С.Адамбеков, Ж.Алтайбаев, Ш.Смаханұлы, О.Әубәкі-

ров, О.Иманәлиев, Ү.Уайдин, М.Фашиев секілді белді-белді сатириктермен қоян-қолтық қызмет істеген. Өзінен кейінгі бұрынғыда сатира жанрында қалам тербеуіне жол көрсетіп, ағалық ақылын аямаған. Олардың қатарында С.Кенжеахметов, К.Әмірбек, М.Шерімов, Қ.Илясов, тағы басқа қаламгерлердің тануына да үлес қосты. Қазақстан Жазушылар одағы Қызылорда филиалының директоры Қаршыға Есімсейітова да – сатириктің шәкірті. Ол Сақтапберген Әлжіковтің ескерілмей, көленкеде қалған кейбір шығармаларын іздестіретінін, сатира жанрындағы еңбектерін ғылыми айналымға жіберу қажет екенін айтты.

– Мен Сақтапберген Әлжіковтің тағалымды тәрбиесін алғаныма қуанамын. Біздің студент кезімізде сабақ беріп, сатираның қыр-сырын ұғындырған болатын. Ол уақытта баспасөздің, соның ішінде бұл жанрдың салмағы басым еді. Қазір кенжелеп қалды. Дегенмен әлі де зерттеуді қажет ететін шығармаларын жинақтап, оны ғылыми айналымға жіберу керек. Бұл өскелең ұрпақ үшін маңызды, – дейді Қаршыға апа.

С.Әлжіков – «Тағы да кім бар?», «Күйдіргі», «Дала қырандары», т.б. сатиралық кітаптардың және көптеген сатиралық мақалалар мен сықақ әңгімелердің авторы. Қызылорддан «Сырдария кітапханасы» сериясымен шыққан 200 томдықтың 1 томына шығармалары топтастырылған.

Елге елеулі еңбегі сінген ердің есімін кейінгі ұрпақтың жадында қалдыру үшін 1998 жылы Қызылжарма ауылының №144 орта мектебіне Сақтапберген Әлжіков есімі берілді. 1999 жылы мектептің алдына Орынбасар Әлжіковтің жеке қаражатымен ескерткіш-биюсті қойылды. Мектепте оның өмір жолына және шығармашылығына арналған музей ашылды. Онда С.Әлжіковтің тұтыңған заттары, есімдері тек облыс емес, республикаға белгілі мектеп бітірушілердің, газет пен өз басқарған журналдарда қызметтес болған әріптестерінің суреттері, отбасы және өмір жолы жайлы мағлұматтар, әр кездердегі портреттері, замандастары мен шәкірттерінің естеліктері бар. Мектептің бай кітапханасында Сақтапберген Әлжіков жайлы кітап бұрышы да ұйымдастырылған.

Әдебиет адамды тәрбиелеу құралы болса, сатира – осы тәрбиелеу жолында қомақты үлесі бар оның бір саласы. «Сатира өмірдің қалтарысындағы кеселді, кері кеткендікті қаза қопарып, көптің көз алдына көрініске шығарады, қағып-сілкілейді. Мысқылмен түйейді, сықақ етеді, көпті одан түңдіреді» деп жазушы Зейнолла Қабылов айтқандай, өз заманында сықақ әңгімелері арқылы қоғамда белен алған келенсіз құбылыстарды, ерсі қылықтарды сын садағына іліп, сатира тілімен жеткізген Сақтапберген Әлжіковтің есімі ел жадында мәңгі қалары сөзсіз. Қаламгердің адалдық, адамгершілік, ержүректік қасиеттерінің қоғам құндылықтары екенін көркем тілмен бейнелеген шығармалары қаншама жылдар өтсе де, өз бағасын жоғалтпақ емес.

ӘЛЖІКОВ МЕКТЕБІ

Ғұмырын терең зерделеген сайын ұлықтауға лайық, өмір жолы парасатқа толы, жасаған ісі үлгі тұтарлық тұлғалар болады. Солардың бірі – киелі Сыр топырағында өмірге келген сатира сайыпқыраны Сақтапберген Әлжіков. Оның балалық шағы өткен ғасырдағы алапат ашаршылыққа, жастық шағы елімізде жаппай орын алған қуғын-сүргінге тұра келді. Осындай ауыр жылдары еңбекке ерте араласып, ер жетеді. Замандастарының айтуынша сыршыл қаламгер қай қызметінде де өз міндетін аса жауапкершілікпен атқарып, талмас қажыр көрсеткен.

Сара сөздің семсері атанған қаламгер есімі өзі білім алған мектепке берілгеніне 25 жылдан астам уақыт болды. 1998 жылы «Қызылжарма» ауылындағы №144 орта мектебіне Сақтапберген Әлжіков есімі беріліп, мектеп алдына ескерткіш-биюсті қойылды.

«Қызылжарма» ауылдық округі – бір ғасырдан астам тарихы бар қасиетті мекен. Осы мекенде тарихы әріден бастау алатын білім ордасы орналасқан. 90 жылдан астам тарихы бар Сақтапберген Әлжіков атындағы №144 орта мектебінің іргетасы

1920 жылдардың аяғында «Ақ школ» деген атпен қаланған еді. 1950 жылдарға дейін бастауыш мектеп, 1989 жылдан бастап 11 жылдық болып өзгерген білімнің қасиетті қарашаңбылы талай шәкіртті білім нәрімен сусындатып, ұядан ұшырды. Қаншама шәкірттеріне ақ жол тілеп, қияға қанат қақтырған білім ошағында елімізге белгілі тұлғалар білім алды. Солардың көшін Сақтапберген Әлжіковтің өзі бастап тұр. Одан бөлек мектептен түлеп ұшқан шәкірттердің арасында облыс, республика көлемінде танымал, еліміздің экономикасын дамытып, әлеуметтік жағдайын жақсартуға сүбелі үлес қосқан, әлі де еңбек етіп жүрген азаматтар аз емес.

Өмірі өнегеге толы, ісі өзінен кейінгі ұрпақтарға үлгі болған, талантты жастарға ұстаздық еткен, Сыр өңірінен шыққан жас әдебиетшілерге қамқорлық жасап, қолдау танытқан қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі Сақтапберген Әлжіков есімі ел жадында мәңгілік қалмақ.

**Жұмағұл СЕЙДАХМЕТОВА,
С.Әлжіков атындағы
№144 орта мектеп директоры**



Айжан Жұмабекқызы Алматыда.

АСТАНАДА МЕДИА АПТАЛЫҚ БАСТАЛДЫ

Әлемді жайлаған пандемиядан соң екінші рет ұйымдас-тырылған биылғы бұл жиын ақпараттық кеңістіктегі этика мен жауапкершілікке, блогерлік саланы реттеуге, жалған ақпаратқа қарсы тұруға бағытталып отыр. Үш күнге созылатын жиын барысында жиырмадан астам талқылау жоспарланған.

«Медиа қоғамдық өмірдің барлық саласына әсер ететіні белгілі. Салада үздіксіз трансформация мен цифрландыру, жаңа платформалар мен коммуникация құралдары, ақпаратты беру әдістері үнемі жаңарып отырады. Бұл осы сала мамандары үнемі дамуға, алға ұмтылуға жетелейді. Сондықтан медиа апталықтың отандық индустрияға он әсерін жоғары бағалаймын» деді ҚР Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева алдын ала жазылып алынған онлайн құттықтау сөзінде.

Апталықтың ашылу салтанатына келген ҚР Мәдениет және ақпарат вице-министрінің міндетін атқарушы Қанат Ысқақовтың айтқанындай, мұндай алаң ең алдымен отандық бұқаралық ақпарат құралдары саласын дамытуға, контентті жақсартуға, отандық медиана-рықтың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға жұмыс істеу керек. Біз әңгімеге тартқан ҚР Парламент Сенатының депутаты Бибігүл Жексенбай да мұндай талқылаулар ең алдымен ақпарат алмасу үшін арнайы алыстан келіп отырған өңірлердегі журналистерге пайдалы болу керек. Бірақ шын мәнінде сондай ма?

Мәселен, апталықтың бүгінгі бірінші күнінде өткен «Цифрлық жауапкершілік және масс-медиа қауіпсіздігі: сын-жәтерлер, реттеушілер, заңдар мен баста-

малар» тақырыбындағы пленарлық отырыс спикерлері «Мир» халықаралық телеканалы төрағасының орынбасары Екатерина Абрамованың, Түркия радиотелевизия корпорациясының басқарма директоры Мехмед Захидтің, сондай-ақ Қырғыз Ұлттық «Кабар» ақпарат агенттігінің директоры Медербек Шерметалиевтің өзіне берілген уақыттың басым бөлігін өздері басқаратын медиаорталықтың жұмыс барысымен таныстыруына арнаулы тақырыптық талқылаулардың мазмұны ашықталмай қалғанын және өз деңгейіне әлі де жетпей жатқанын аңғартқандай.

«Медиа трансформация», «Қазіргі телеарнаның цифрлық контурындағы жарнама» тақырыбында өткен панельдік сессия отырыстарында да нақты ұсыныстар мен креативті ой-пікірлерден гөрі жалпыға белгілі ойлар айтылып, біз күткен жылдам өзгеретін медиа орта контекстінде дәстүрлі медиа алдында тұрған өзекті сын-жәтерлер тақырыбы сонғы он жыл көлемінде айтылып келе жатқан телевизия мен интернетте әлеуметтік желілер арқылы жасалатын контентті салыстырумен шектелді десек болады. Әйтсе де жасанды интеллекттің медиаға әкелетін жаңалықтары мен мүмкіндіктері, сондай-ақ бүгінгі кино және оның са-тылу мәселелерін аудитория қызығушылықпен қабылдады. Бұл ретте телеарналар түсіріп жатқан қазақ тілді фильмдер мен сериалдардың табыстылығы да оң әсер ететінін айтуымыз керек.

«Сыни тұрғыдан ойлау: неге біз көргенімізге, естігенімізге және оқығанымызға сенбейміз» тақырыбымен өткен еркін форматтағы медиа талқылау

барысында бүгінгі ақпараттық манипуляция, ойдан шығарылған ақпарат пен шындықты ажырату үшін сыни тұрғыдан ойлаудың маңыздылығына алда жазылатын арнайы сараптамада толығырақ тоқталамыз.

Ақтуалды мәселелерге креативті ұсыныстарды ертенгі өңірлік БАҚ форумынан күтеміз. Онда «Цифрлық дәуірдегі журналистер жұмысының ерекшеліктері: жылдамдық, ақпарат көлемі, бәсекелестік» тақырыбында бірінші сессия, «Ең рейтингті өңірлік жобалардың ULGI кейстері» екінші сессияда талқыланды. Сондай-ақ «Медиа құндылықтардың эволюциясы және жаңа этика» тақырыбында ойлар ортаға салынады. Сонымен қатар қоюшы-суретші Юлия Кравченконың «Баламалы шындық» диджитал көрмесі мен «Міржақып. Оян, қазақ!» фильмінің премьерасы көрсетілді.

Апталықтың үшінші күні баспасөз хатшыларына арналды. Онда «Шындық немесе өтірік: фактчекинг саясаткерлер мен мансашылар үшін қорғаныс ретінде», «PR және баспасөз қызметтеріне арналған ақпаратты бақылау жүйесінің заманауи құралдары», «Жасанды интеллекттің болашағы, жеке брендинг және қоғамдық қарым-қатынастардағы дағдарысты басқару», «Сенім дағдарысы ма, әлде коммуникация дағдарысы ма» тақырыптары талқыланды. Сонымен қатар «Үркер» ұлттық сыйлығы табысталды.

Айта кетейік, «Үркер» ұлттық сыйлығына үміткер республика бойынша үздік басылымдар қатарында қолыңыздағы облыстық «Сыр бойы» қоғамдық-саяси газеті де бар.

Айжан ЖҰМАБЕКҚЫЗЫ.
Астана қаласы

«Даму» қорының қолдауымен 5 мыңнан астам жұмыс орны ашылды



Биыл «Даму» қоры облысы бойынша «Кәсіпкерлікті дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған ұлттық жобасы» және «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламалары аясында жалпы сомасы 17,8 млрд теңгені құрайтын 600 жоба бойынша аймақ кәсіпорындарына пайыздық мөлшерлемені субсидиялау түріндегі қаржылық қолдау көрсетті.

Сб Биболат СӘТЖАН,
«Сыр бойы»

Бұл «Даму» қоры жүзеге асырып жатқан субсидиялау құралының тиімділігін көрсетеді. Кәсіпкерлер несиенің пайыздық мөлшерлемесін, ай сайынғы төлемдерін де азайта алады. Сөйкесінше, несие бойынша пайыздық жүктемені азайтып, бұл қаражатты кәсіпорынның дамуына бағыттауға мүмкіндігі бар.

Сонымен қатар, жалпы со-

масы 6 млрд теңгені құрайтын 475 жобаға «Даму» қорының кепілдігі берілді. Көп жағдайда кәсіпкерлердің несие алуға кепіл мүлкі жетпейді немесе құжаттарды жинау көп уақытты қажет етеді. Мұндай жағдайда бизнес ашу немесе дамыту мүмкіндігіне ие болу үшін қор кепілдік құралын жетілдіруді жалғастыруда.

Қордың аймақтық филиа-

лығының директоры Айдоc Жылқайдаровтың айтуынша, «Даму» қоры ұлттық даму институты бола отырып, әлеуметтік бағыттағы жобаларға да үлкен көңіл бөледі.

– Қор Қазақстанның барлық өңірлерінде шағын және орта бизнестің сапалы дамуына ықпал етеді. Мысалы, қордың қолдауымен Қызылорда қаласында офтальмологиялық тексерулердің барлық түрін және көз хирургиясын қамтамасыз етуге қабілетті жалғыз «Шырақ» офтальмологиялық орталығы жұмысын жаңа ғимаратта жалғастыруда. Медициналық мекеме құрылысы қордың кепілдігімен және сыйақы мөлшерлемесінің 13,5%-ын 5 жыл мерзімге субсидиялау арқылы ұлттық жоба бойынша қаржыландырылды.

Жалпы облысымызда 2010-2022 жылдар аралығында мемлекеттік қолдауға ие болған кәсіпкерлер 5 мыңнан астам жаңа жұмыс орнын ашты. Ал бюджетке түскен салық 100,7 млрд теңгені құрады, – дейді А. Жылқайдаров.

Айта кетсек, 1 қыркүйектегі жағдай бойынша облыста қордың субсидиялау құралы бойынша несие сомасы 165,6 млрд теңгені құрайтын барлығы 5863 жоба, кепілдік құралы бойынша несие сомасы 66,4 млрд теңгені құрайтын 4108 жоба қолдау тапты.

ЖАЛҒАННАН ӨТТІ ЖАҚСЫ ЖАН

Бұрынғы өткендер бес күн тіршілік, қашының сабындай деп баға берген өмірден жақсы адамдар кеткенде көңілдің төрі босап қалады. Аяулы жандар жанында мәңгілік жүрмейтінін білгенмен, олардан қапыда айырылып қалғанда өзегіңді өкініш оты өртейді. Тағдыр, өлшеулі өмір деп өзімізді жұбатқан боламыз. Бірақ айналасына шұақ шапып, ағайын-туыс, дос-жаранға мейірімін төгіп жүретін жандардың орны ешқашан толмайды екен. Тірілікте татар тұз-дәмі таусылып, бітім-болмысы бөлек тұлға, аяулы ана, асыл жар, көркем мінезді жан, тәжірибелі маман, білікті дәрігер, ардақты ұстаз, медицина саласының үздігі Құлмбетова Гүлнар Мәлібекқызы дүниеден озды.

Оның жүрегі сабыр мен мейірімге толы болатын. Мінезге бай, жан-жағына тек жақсылық ойлайтын абзал жанның әулет үшін орны бөлек еді.

Гүлнар Мәлібекқызы 1959 жылы 27 мамырда Шиели кентінде ұстаздар отбасында дүниеге келген. 1976 жылы орта мектепті үздік бітірген соң, Алматы медицина институтына оқуға түсті. 1982-1983 жылдары институттың «Емдеу ісі» факультетін тәмамдап, Алматыдағы №2 қалалық



аурухана интернатурасына қабылданды.

1983-2000 жылдары Қызылорда медициналық жоғары колледжінде оқытушы, бөлім меңгеруші қызметтерін атқарды.

2000-2021 жылдары «Өркен» медициналық колледжі басшысының оқу-тәрбие ісі жөнінде орынбасары, колледж директоры қызметтерінде болды. 2021 жылы еңбек демалысына шықты. Ұзақ жылғы тәжірибесімен жеке клиника ашып, оның жұмысын жолға қойды.

Гүлнар Мәлібекқызы колледжде басшылық жасаған жылдары оқу орны мол жетістіктерге, толағай табыс-

тарға жетті. Оқу-тәрбие процесіндегі жаңашылдығы, ұлттық педагогиканы заманауи жаңа технологиялармен ұштастыра білудегі ұстанымы ерекше еді. Медицина саласына зор үлес қосқан маман ретіндегі тәжірибесін өріп-терген, шәкірттерімен бөлісетін. Жастарға жанашырлық танытып жүретін. Өзгерлерден озық тұратын айрықша қасиеті - кәсібилігі мен еңбекқорлығы өнеге мектебіне айналған болатын. Отбасында жары мен балаларының қамқоры, бауырлары мен туған-туыстың жанашыры, ақылшысы еді.

Аяулы жанның жақсы қасиеттері, жан жылыты, таусылмас тағлымды туралы өткен шақта айту қандай қиын?! Бірақ, жазмышқа қарсы тұрарлық күш пендеде қайдан болсын!?

Енді Гүлнардың ізінде қалған өнегесін еске алып көңіл жұбатамыз. Артында қалған бір қауым елі, әулеті, отбасы, жолдасы және балалары, бауырлары жақсы жанның жарқын істерін ұмытпаймыз. Тірілікте жасаған игі амалдары ақыретте сауабын тигізсін деп тілейміз.

Бақұл бол, абзал жан, ардақты ана!

Туған-туыстары

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады. E-mail: smjarnama@mail.ru

Простатит, аденома, уретрит, белсіздік пен бедеулік, несеп шығару жүйесінің бұзылуы?!



Құрметті оқырмандар! Еліміздегі ер азаматтарда кездесетін өте күрделі, созылмалы түрдегі простатит ауруының шешімі табылды! Егер де простатит пен аденома, бедеулік пен белсіздік, несеп-жыныс жүйесінің өзге де бұзылыстары, атап айтқанда кіші дәретке жиі шығу, қуықтың толық босамауы, дәреттің қалып қуюы, зәр сындыру барысындағы ашу-шаншу сезімдері сізге маза бермей қойған болса, әлемнің 32 елінің денсаулық сақтау министрліктері мақұлдаған «ПРОСТАТИНОР» өнімін ұсынамыз. «ПРОСТАТИНОР» әлемдік тәжірибеде мойындалған дәрі-дәрмектің отаны Үндістан елінде шығарылады. Бұл өнімнің бір артықшылығы әрі ерекшелігі фармацевтикалық, химиялық дәрі-дәрмек секілді емес, яғни тек қана табиғи емдік шөлптерден біріктірілген күйде парафармацевтикалық бағытта атақты Surya Herbal Limited компаниясының базасында дайындалады.

«ПРОСТАТИНОР» препараты – аты айтып тұрғандай, қуықасты безі қабынып, гормондық теңгерімі бұзылып, жыныстық қатынаста әлсіздікті сезініп жүрген ер азаматтардың мәселесін шешуге арналған өнім.

Егер де сіз жоғарыда айтып өткендей жағдайларды бастан кешіп жүрген болсаңыз, қамықпаңыз! «ПРОСТАТИНОР» препаратын қабылдағандар болсаңыз, бірінші кезекте толық зәр жолдары мен несеп-қуық жолдарындағы қабынуды тудыратын бактерия, инфекция мен микроорганизмдерді тазалап өтеді, сифилис, гонорея, хламидиоз, трихомоноз деген бұрындары жұқтырған инфекциялық аурулардың қалып қойған қалдығын шығарады.

Мына телефон нөмері бойынша білікті мамандардан кеңес алып, «Простатинорға» тапсырыс бере аласыз: 8 778 021 39 39 немесе www.sauylykty-n-syru.kz сайты арқылы.

Қазақстан бойынша орталыққа қоңырау шалу, мамандардан кеңес алу, жеткізу қызметі тегін!

Тиімді ұсыныс!
«ПРОСТАТИНОР» өніміне
-30% жеңілдікпен тапсырыс беріңіз!

Тұтынушы пікірі:

Армысыздар! Менің аты-жөнім Бейсенов Құрманғали. Қарағанды өңірінен боламын. Өзімнің нәтижелмен бөліскім келіп отыр. Қанша жылдар бойы мазалаған ауруым бар еді. Простатит, аденома дей ма, болған сол. Қанша емделдім. Врачтарға қаралдым. Ем алдым. Бірақ көңілден шығатындай нәтиже көре алмадым, шыны айтсам. Операцияға деді, оған операция жасатуға қорықтым. Сосын осы сендердің мына «Простатинор» өнімі жөнінде естіп, уақытында хабарласып, мамандар толық мағлұмат беріп, осы өнімнің екі айлық курсы алып іштм. Қазір шүкір. Анализдерім жақсы шықты. Күндіз-түні кіші дәретке жүгірмейтін болдым. Ұйқым тыныш. Қанша болды, қазір ауруым мазаламайды. Сол алғысымды білдіргім келіп жазып отырғаным. Рахмет, сіздерге!

Құрметті оқырмандар! Еліміздегі ер азаматтарда кездесетін өте күрделі, созылмалы түрдегі простатит ауруының шешімі табылды! Егер де простатит пен аденома, бедеулік пен белсіздік, несеп-жыныс жүйесінің өзге де бұзылыстары, атап айтқанда кіші дәретке жиі шығу, қуықтың толық босамауы, дәреттің қалып қуюы, зәр сындыру барысындағы ашу-шаншу сезімдері сізге маза бермей қойған болса, әлемнің 32 елінің денсаулық сақтау министрліктері мақұлдаған «ПРОСТАТИНОР» өнімін ұсынамыз. «ПРОСТАТИНОР» әлемдік тәжірибеде мойындалған дәрі-дәрмектің отаны Үндістан елінде шығарылады. Бұл өнімнің бір артықшылығы әрі ерекшелігі фармацевтикалық, химиялық дәрі-дәрмек секілді емес, яғни тек қана табиғи емдік шөлптерден біріктірілген күйде парафармацевтикалық бағытта атақты Surya Herbal Limited компаниясының базасында дайындалады.

Хабарландыру

Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті жеке тұлғалардың мүлік салығын ағымдағы жылдың 1-қазанына дейін төлеу қажеттігін еске салады! Салық сомасын kdg.gov.kz Комитет порталының алдағы төлемдер сервисінен, E-salyq Azamat мобильді қосымшасында, сондай-ақ банктердің kspri.kz, homebank мобильді қосымшаларынан көруге болады. Мұнда сіз салық сомасын төлей аласыз. Салық төлеу арқылы балаларымызға лайықты болашақ сыйлаймыз және елдің дамуына өз үлесімізді қосамыз.

Жарамсыз деп есептелін

«Сыр елі және XXI ғасыр» қоғамдық қорының (БСН 120640001340) Жарғысы (мемлекеттік және орыс тілінде), құрылтай шартының түпнұсқалары жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелін.

www.facebook.com/syrboyi.kz/

Меншік иесі
СЫР МЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)
БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1033)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

https://twitter.com/syrboyi

www.instagram.com/syrboyi_kz